№25-26 (311).
21 қыркүйек,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





«БІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жастармен және экобелсенділермен бірге Президент саябағының аумағында ағаш екті.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына қатысушылар алдында сөз сөйледі. Президент аталған іс-шараға белсене атсалысып келе жатқан азаматтарға шынайы ризашылығын білдірді.

– Мен осындай игі іске өз үлесін қосып жүрген жастарды нағыз отаншыл азамат деп санаймын. Себебі Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік өз үйіңнен, өз ауылың мен қалаңнан бастау алады. Халқымызда «Бір тал кессең, он тал ек» деген сөз бар. Өнегелі сөз деп айтсақ, артық болмас. Табиғатты аялау, қоршаған ортаға қамқор көзбен қарау – ұлтымыздың болмысында бар асыл қасиет. Бұл – бабаларымыздың бізге қалдырған өсиеті әрі аманаты. Ал жаңа Конституциямыз бойынша осы көзқарас пен іс-шаралар азаматтық міндет болып саналады. Сондықтан біз жаппай бір ел болып бастаған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының қоғамдық және тарихи мәні айрықша. Біз экологиялық мәдениеті жоғары ел болуымыз керек. Тағы да атап өтейін: бұл – мемлекетіміздің Конституциясында айқындалған аса маңызды міндет. «Таза Қазақстан» – жарқын болашағымыздың кепілі. Бұл – жай ғана ұран емес, бұл – шын мәнінде, еліміздің тазалығы өркениетті болашаққа апаратын даңғыл жол деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Іс-шара барысында Президент жауапты мемлекеттік органдар басшыларының есебін тыңдады.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек елорданы кешенді түрде көріктендіру мен көгалдандыру жұмыстары туралы баяндады. Шаһар басшысының айтуынша, соңғы жылдары Астанада 500-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды, жыл соңына дейін 170-тен астам аула мен қоғамдық орын, соның ішінде парктер, гүлзарлар мен бульварлар ретке келтіріледі.

Мемлекет басшысына Есіл өзенінің бойында қоғамдық және рекреациялық кеңістіктердің бірыңғай жүйесі қалыптасып келе жатқаны туралы мәлімет берілді. Осы жұмыстар аясында қаланың түрлі бөлігіндегі парктер, серуен және спорт аумақтары тұтас жасыл белдеуге біріктіріледі.

Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы жүзеге асырыла бастаған кезден бері 2 мыңнан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын баяндады. Оның аясында 3,8 миллион тонна қоқыс жиналып, 10 мыңдай қоқыс төгетін орын жойылған.

Президент саябағынан кейін Мемлекет басшысы «Мыңжылдық» аллеясы мен Greenline желілік паркінің екінші кезеңіндегі абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Президент Астана әкімі Жеңіс Қасымбекке ғимараттардың қабырғасына граффити салатын адамдарға қатысты қатаң шара қолдануды тапсырды. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздің қалаларында бұған жол бермеу керек, сондай-ақ әлемде вандализм мен бұзақылықтың сорақы көрінісі саналатын, қоғамдық орындарды бүлдіретін «шығармашылықтың» мұндай түріне толық тыйым салатын заңдық-нормативтік шаралар қабылдаған жөн.

Akorda.kz

АДАМ – БӘРІНЕН БИІК

(Халықтық Конституцияның мәні мен мазмұнынан туындаған ойлар мен толғаныстар)



Қоғамдық құбылыстар әр қилы көрінгенімен, дәуір дидарының даму үрдістерінен жаңашылдық леп, жасампаздық рух, жауапкершілік жүгі танылады. Әрі өмірдің өзегінде – ақиқат айнасы, шындық шырағы бар қырынан жарқырап, нұр-сәулесін түсіріп тұрады. Адам әлемінде өмірдің ақиқат жайттары, ақыл-парасат нұры, дәстүр мен дүниетаным арналары, білім мен білік мәйегі, тарих пен таным тоғысы, тәлім-тәрбие тағылымы мол. Оның бірқатар көріністері ұнамды үрдіс пен кереғар жайттарымен бірге беріледі. Бұл жайттар, негізінен алғанда жарық дүние – патшалығы, қоғам байлығы – адам капиталынан, асқақ мұраттарынан, арман-аңсарларынан кең көлемде көрініс береді. Мұның өзі Ата Заңда айқындалып: «...адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» (Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Сардар, 2026. – 12-бет).

4-бетте »

ӘБЕКЕҢ, СӘУКЕҢ және ДӘУ ПОРТФЕЛЬ

(Автор мен кейіпкер)



Суретті түсірген: Шүкір Шахай

Мынау да бір қызық сурет. Әбіш Кекілбаев пен Сауытбек Абдрахманов. Екеуі де қаламгер. Екеуі де қайраткер. Бірі – автор. Екіншісі – кейіпкер. Сауытбек аға Әбіш ағамыз туралы «Абыз Әбіш» деген кітап жазды. Мемлекеттік сыйлық алды. Шынында да абыз десе, абыз. Абыз Әбіш. Аңыз Әбіш. Нағыз Әбіш. Көрнекті кейіпкер. Келісті кейіпкер. Көркем кейіпкер. Көшелі кейіпкер. Керемет кейіпкер. Бірақ кейіпкер қанша жерден керемет болса да, ол туралы дүние өзінен-өзі жазыла салмайды. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, тоқтаусыз тер төгу керек. Баяғыда «Әзілхан Нұршайықовтың кейіпкері Бауыржан Момышұлы болған соң ол шығарманың мойны озық тұрмағанда қайтеді?» – деп күңкілдегендерге батыр Баукеңнің өзі: «Қазақта мен секілді танымал адамдар көп қой, жазам дегендердің қолын кім қағыпты?», – деген сыңайда тойтарыс берген деседі. Танымы терең, ойы орамды, санасы сергек Сауытбек ағам да Әбіш тақырыбын илеудей-ақ иледі. Әбден иін қандырды. Өйткені ол жазу өнерін адам айтқысыз биікке көтерген әйгілі жазушының болмыс-бітімі, қарым-қабілеті туралы қалам тербеудің жауапкершілігін жақсы түсінді.

Сауытбек ағам Әбекеңнің ізіне «шырақ алып» түскелі қашан. Жас күнінде кино саласында кейіпкерімен бірге жұмыс істеді. Әбекеңнің әлеміне сөйтіп енді. Одан соң Орталық Комитеттің идеология бөлімінде жолдары тоғысты. Сәл бертінде Президент аппаратында қатар қызмет атқарды. Қысқасы, Әбекең қайда – Сәукең сонда.

Қазаққа қадірлі қос қаламгердің тұлғалық һәм туындыгерлік тандемі, санаткерлік сабақтастығы мұнымен де шектелмейді. Әбіш аға Мәдениет министрінің орынбасары болғаны баршаға мәлім. Сәукең де сол қызметке барды. Тіпті Әбіш ағаның бұрынғы кабинетіне жайғасты. Бұл – бір кезде ұлт руханиятының көшбасшысы Өзбекәлі Жәнібек отырған кәделі кабинет. Одан соң Сәукең ілгеріде Әбекең басқарған «Егемен Қазақстанның» тізгінін қолға алды. Кейіннен Кекілбаев керегесін кеңейткен Парламенттің қабырғасына Сәукең де келді. Мәжіліс депутаты болды. Қазақ баспасөзінің сарбазынан сардарына айналған Сәукең жай жүрмеді, жанындағы Әбекеңді зерттей жүрді. «Абыз Әбіш» – соның нәтижесі.

Енді автор мен кейіпкердің арасынан көзге шалынып тұрған тоқ бүйірлі портфельге назар аударайық. Сәукеңнің қолындағы сөмкені қызы Әсел 2005 жылы Париждегі Елисей алабына арнайы барып, Лувр түбіндегі бір дүкеннен алып беріпті. Берлиндегі Гумбольт университеті студентінің қаржысына сатып алынған бұл дүние – атақты «Ricard» брендінің өнімі. Сәукең бұл портфельді ұзақ ұстапты. Тіпті сәннен қалыңқырып, жұрт көзге іле бермейтін кезде де қолынан түсірмепті. Ішін руханиятқа қатысты деректерге толтырыпты. Енді міне, дәу сөмкесінің жемсауына келешектегі кітабының мәліметтерін тығындап алып, болашақ кейіпкеріне келіп тұр. Қой, бұл портфель тегін портфель болмады. Қазыналы қызыл портфель үрген қарындай қампиып, Сәукеңнің үйіндегі кең бөлмесінің бір мүйісінде әлі жатқан көрінеді.

Әулие Әбіш. Санаткер Сауытбек. Париждік портфель...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

“МАМАН БОЛ ДА, АДАМ БОЛ”

Кей адамдар өміріңе кездейсоқ келеді. Ал кей адамдардың кездесуі – тағдырдың сағаң жасаған сыйы секілді. Бір қарағанда, ұстаз бен шәкірттің жолы университет қабырғасында тоғысып, сабақ біткен соң екі жаққа айырылатын сияқты көрінеді. Бірақ шын ұстаздың сабағы аудиторияның есігі жабылғанда аяқталмайды. Оның айтқан бір ауыз сөзі, жасаған бір жақсылығы, көрсеткен бір үлгісі шәкіртінің санасында жылдар бойы сақталады. Мен үшін сондай ұстаздың бірі – Сейдулла Садықұлы.



СТУДЕНТТІК ШАҚТЫҢ ЕСТЕЛІГІ

2009 жылы Алматыда мектеп бітіріп, киелі Түркістандағы университетке оқуға түстім. Алматының қарбалас тіршілігіне, өзім өскен ортаға үйренген мен үшін Түркістандағы алғашқы жыл оңай болған жоқ. Бәрі басқаша еді. Адамдардың түсінігі, ұстанымы, көзқарасы маған бірден түсінікті бола қоймады. Жергілікті түлектермен тіл табысудың өзі қиынға түсті. Бір сәттерде Алматыға қайта ауысуды ойлаған кездерім де болды. Бірақ адам өмірінде қиындықтың арасында жол көрсететін бір адам табылады екен.

Менің университеттегі алғашқы тіл табысқан адамдарымның бірі – Сейдулла ағай еді. Кейде адамға ұзақ ақылдың қажеті жоқ. Бір ауыз сөздің өзі жеткілікті. Маған да дәл сол кездерде ағайдың қолдау сөзі ғана керек еді. Өзімнің ойымнан ұялмай, өз таңдауым үшін жауап беруге болатынын түсіндім. Сәйкес келмейтін көзқарастар пен пікірлер, түсініктер үшін де өзімді жегідей жеудің қажеті жоғын түсіндім. Ұстаз деген ұғымның қадірі осындай сәттерде білінеді екен.

3-бетте »



ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗ ӘЛСІРЕП БАРАДЫ

2-бетте »

«ӨЛМЕЙТІН ӘН ҚАЛДЫРҒЫМ КЕЛЕДІ»

8-бетте »



ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗ ӘЛСІРЕП БАРАДЫ

Өткенде екі қырғыз қыздың қазақтар және алаштың соңғы ханы Кенесары жайлы айтқан жойдақсыз сөздерінен ішіміз түйіліп, қанымыз басымызға шапшыды.

Ресей – империяшыл ел. Басқыншы. Қолында жалаң сүнгі мен қайқы қылыш, садағынан басқа қаруы жоқ қазаққа атқанда үйдей жерді қопарып тастайтын зеңбірегі мен алдындағы жасақты қиялай шапқан қияқтай сұлататын пулеметтері бар империя қазақ даласына бойлай кіріп, бекіністер сала бастады. Аяғында қамыс шәркей, үстінде боз көйлек, дамбалынан басқа түгі жоқ орыс мұжықтарын әкеліп, қазақтың шұрайлы жерлерін тартып ала бастады.



Атадан ер болып туған Кенесары не істеуі керек еді?! Орыс патшасының атасы Абылай ханымен арада жасалған келісім-шартын алға тартып, Патшаға арзу хат жазды. Антында тұратын орыс па?!

Империяға қарсы шығып, он жылға жуық қару көтерген Кенесары ханға қазақтың бай-шонжарларын айдап салды. Қазақтың өз ішінде де бұлғақ жетіп артылатын еді. Батыста Исатай – Махамбет Ресей басқыншыларына майдан салып жатты. Осындай ірілі-ұсақты ұлт азаттық көтерілістерінің ұзын саны төрт жүзге жетердей екен.

Осындай қысталаң шақта «өзағаң» өзбек пен «қырғыз-қазақ бір туған» айырқалпақты ағайының бір бүйірден тиіп, қазақты бөрідей талады.

Ұлы жазушы, кемеңгер Мұхтар Мағауиннің жазғаны бар. «Егер Кенесары болмағанда Түркістан - өзбектікі, Алматы - қырғыздікі болар еді». Деп. Тағы да айтқаны бар. Кенесарыны қазақтың сұлтаны мен би, батыры сатып кетпегенде Ыстыққөл қазақтікі болар еді. Деп.

Әрине, біреудің жері қазаққа керегі жоқ. Өз жері жетеді. Бірақ, ақиқат осы.

Кенесары - бізге хан, батыр, ардақты болғанымен қырғыз үшін жау.

«Орысқа қарсы бірге қылыш көтерейік, бізге төнген қауіп сендерге де келеді» дегеніне көнбеген соң Орман манапқа қарасты айылдарды шапты, малдарын айдап алды.

Ана екі боқмұрын қызды қайтесіз, аталары Кенені жауыз десе, тарихында солай оқытты. Ел Президенттері Атамбаев пен Жапаров «қылышпен келген қылыштан өледі» деп отырса.

Қазақтың қазақтан басқа досы жоқ екендігін түсінетін уақыт жетті.

Осы екі көршің, ағайының Абылайхан заманында да осылай жаулық істеген. Қазақ жоңғар, қалмақпен соғысып қан құсып жатқанда осы екі туысың қос бүйірден тиісіп, қазақ жерлерін басып алған. Мына айыр қалпақты ағайының сонау Құлан, Кеген, Нарынқолға дейін шауып алған. Ұлы жүз ақсақалдары екі етегі жасқа толып, Абылай ханның алдына келген. Жерімізді алып қойды деп. «Түбі бір туысқанымыз еді, бірақ, біз қиналғанда аш бүйірден пышақ ұрды» деп қиналған Абылай, қиналса да қазақ жасақтарын сапқа тұрғызды. Аз қырғызды түгел шауып жер бетінен жоқ қылып жіберер ме еді, манаптары қанды жасы сорғалап, кешірім сұрап аяққа жығылмағанда. «Қалмақпен соғысып көп қырылдыңдар. Мынау аманат. Қазақ қылып алыңдар» деп топ тобымен қырғыздарды кепілге бермегенде. Абылай хан үш жүзге таратқан сол қырғыз ізсіз емес. Қырғыз аталығымен қазаққа сіңді. Арасынан мемлекет қайраткері, айтулы ақын, жазушы, спортшылар шығып жатыр.

Сондықтан, бұ шіркіндердің кісімсінетіндей жөндері жоқ еді.

«Іштен шыққан жау жаман». Қазақты жамандайтын, қасиетін жерге ұратын нәсілсіздер, шірік жұмыртқалар өз ішімізде де көп.

Кезінде ұстазымыз, ұлттың шын жанашыры Мұхтар Мағауин ағамыз талайын су бетіне шығарып еді. Бұ шіркіндер азаймайды екен.

Бір қыз бар. Жұрт тәп-тәуір ақын дейді. Аталарының түбі шата ма, қазаққа кегі кеткен бе, атын шығару үшін жазды ма, білмеймін.

Мағауин атам «Еуропаға атқа ер тоқым салуды, үзеңгіге аяқ салып сайысуды, жарғақ шалбар киюді, темір балқытып, темірден түйін түюді үйреткен біздің бабаларымыз» деген қазақты, бүгінде әлемде бәсі бөлек, ғылым-білімнен да өркендеп келетін қазақты бір жазбасымен жерге ұрады. Оқысаң төбе шашың тік тұрады. Құдай ұрған халық екенбіз. Ең жаман, соры арылмаған халық екенбіз. Қазақтай нашар ұлт жоқ екен әлемде. Өз басыма ең өтіп кеткені «Қазақ - егемендігін сақтап тұра алмайды».

Жау айтатын сөзден асырып жібергені, қазақ төбесіне көтерген қаршадай қыз айтып отыр. Өкініштісі сол, қияметі сол, пікір жазғандардың дені «қазақ жаман» дегенді қолдап шыққаны. Ұлы Абай айтқандай, «ұстарасыз аузына түскен мұртың» көп қазақ мұны қайрау деп түсінеді екен. Түк те қайрау емес бұл. Намысты қазақтар баршылық қой. Сотқа берді. Сүйтіп еді, «Қазақ - тәуелсіздігін сақтап қала алмайды» деп аспанға сиіп отырған бұ шіркін жылап қоя берді. «Сотталып кетемін, адвокат жалдауға ақша керек» деп. Сорлы қазақ осыған ақша жинап берді. Есін жиған соң кеш өткізіп, кітабын сатты. Кітабы ұлы Абайдың, ұлы Мұхтардың кітабынан қымбат.

Бір күні Жаңаарқа халқына тиісті. Жамандады.

Шығыстан әйелінің төркініне кеп жайласқан әкесінің жылқылары жоғалыпты. Ұры алған. Бес, оншақты болуы мүмкін. Бірақ, тұтас Жаңаарқа халқы емес қой.

Сол кезде бұ шіркінді түсінгендей болдық. Өзі, туысқаны жақсы, бірақ қазақ жаман.

Менің ата-бабаларым батыстан келген. Жаугершілік заманда. Қазақ пен қалмақтың соғысында. Әуелі батырлары. Ерлік көрсетіпті. Ел, жер қорғауда қасық қанын аямапты. Кейін Абылай хан арқадағы арғын мен найманның ортасынан сонау Шуға дейін жер кесіп берген. Жаңаарқаның Шәбден Ералиев ауылында өстім, жетілдім. Алматыға ұшырды. Ұлттың қаймақтарымен араласып жүрмін. Аядай Жаңаарқаның атын айдай әлемге шығарған даңқты бапкер Диханбай Биткөзов «өзіміздің Бақтияр» деп арқамнан қағады. Қазақтың көрнекті ақыны, жаңаарқалық Ғалым Жайлыбай «бауырым» деп құшағына тартады. Шеттен келдің, кірмесің деген бірі жоқ. Яғни, халық жақсы. Қазақ та, Жаңаарқа да жақсы.

Осы қарындасым, «жаздым, жаңылдым, айтқаным қате екен» десе, кеңпейіл қазақпыз бәріміз кешірген болар едік. Бірақ ол айтпады. Әлі күтіп жүрміз.

Осы жолдарды да жазбаған болар едік. Ниетінен қайтпаса, енді жазыла береді. Неге айттық?! Қазақ ішінде нәсілсіздер көбейіп барады. Қазақты жатып кеп жамандай берген соң жастардың бойы үйренеді. Сәл қиындық көрсе «қазақ осындай» деп асырып жамандайды.

Ең қиыны, деструктивті ағым өкілдері болып тұр. Оларға салсаң, қазақта тіл де жоқ, діл да жоқ. Салт-дәстүр де жоқ, жабайы халық. Ислам келмесе, тезек теріп, қойын құрттап, айранын ұрттап, биттеп жүрген халық екен.

Ол туралы кейінірек жазармыз.

Тоқ етері, қазаққа қазақтан басқаның жаны ашымайды. Түркі халқының бәрі жақсы. Ол үшін үлкен саясат керек. Өткен өтті. Мынау қысталау кезде түрік дүниесі түгел болмаса қай-қайсысы да қиындықтан жалғыз өзі шыға алмайды.

Қазір кешегі оқиғаға байланысты туысқан халықтар өзара қырқысып, ауыр сөздер айтылып жатыр. Осыдан ешкім ұтысқа шықпайды. Алдымен ішкі бірлігімізді бекемдеп алайық. Келешек жастарда. Қазақ жастары оқу-білім, спорттан әлемдік биіктерді бағындырып жатыр. Илон Маск сияқты әлемдік мәселелерді шешіп жүрген азаматтың қасында қазақ жастары бары қазақтың мықты болашағын көрсетеді. Ендігі кезекте «қазақ жаман» деген сөзді ешкімге айтқызбауымыз керек. Күштік құрылымдар жазаға тарту керек. Әйтпесе, ұлттық санамызды әлсіретіп аламыз.

Айтпағымыз, кешегі Алаш орда ардақтыларынан қалған «Түркі тілдес түгел бол». Өткені өтті. Ескі дауды қуа бермей басы Түркиямен дос болып бірігіп, үлкен держава болайық. «Жау жоқ деме, жар астында». Қазақтың шаңырағы ортасына түссін деп мысық тілеу болып отырған дұшпандар бар. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев түрік дүниесіне үлкен үміт артып отыр. Әлемдік саясатта бәсі үлкен. Араздықты күшейте берсек, ұйықтамайтын дұшпаның жалғыздап шауып жоқ қылады.

Бақтияр ТАЙЖАН,
журналист



2026 жылдың соңы: ӘЛЕМ МЕН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН НЕ БОЛМАҚ?

Әлем 2027 жылға жаһандық күйреу жағдайында емес, жоғары геосаяси шиеленіс, қымбат энергия және әлсіз экономикалық өсіммен кіреді. Қазақстан үшін жылдың соңы экономикалық тұрғыдан салыстырмалы түрде тұрақты болады, бірақ баға қысымы мен мұнайға, сыртқы саудаға, Ресейге, Қытайға және көлік жолдарына тәуелділік байқалады, деп жазады abai.kz.

2026 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА

Әлемдік экономика өсе береді, бірақ баяу. Қазіргі уақытта болжамдар әртүрлі: ХВҚ шілдеде жаһандық экономикалық өсімді 3,0% деп болжаса, БҰҰ қыркүйектегі жаңартуында шамамен 2,6% деп бағалады. Бұл айырмашылық соғыстар мен энергия бағаларының болжамдарға қаншалықты әсер ететінін көрсетеді.

Негізгі тәуекел — геосаясат. Таяу Шығыстағы қақтығыстар, Ресей мен Украина арасындағы соғыс, АҚШ-Қытай шиеленістері және Тайвань айналасындағы жағдай энергетикаға, саудаға және нарықтарға әсер етуін жалғастырады. Мұнай негізгі фактор болып қала береді.

БҰҰ қыркүйектің басында Таяу Шығыстағы энергетикалық дағдарыстан кейін Brent маркалы мұнайдың баррелі 100 доллар шамасында сатылғанын атап өтті. Бұл мұнай экспорттаушыларды қолдайды, бірақ сонымен бірге импорттаушылар үшін инфляция тудырады.

Жасанды интеллект негізгі экономикалық қозғаушы күшке айналуда. Жасанды интеллектке қатысты инвестициялық бум әлемдік экономиканы демеп тұр, бірақ ХВҚ бұл технологияның пайдалылығына қатысты күтулер тым жоғары болып шықса, күрт түзету (құлдырау) қаупі туындайтынын ескертті.

Сонымен, 2026 жылдың соңы — әлемнің соңы емес, «тұрақсыз қалыпты жағдай» ретінде қарастырылады: дағдарыстар жалғаса береді, бірақ әлемдік экономика әзірге оларды еңсере алатынын көрсетті.

2026 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Мұнда көрініс біршама қызықтырақ. Экономика жылды шамамен 4-5% өсіммен аяқтауы мүмкін. Ұлттық банктің тамыз айындағы сауалнамасында сарапшылар 2026 жылы Қазақстанның ЖІӨ-сі 4,8%-ға өседі деп болжады. Маусым айында ХВҚ өсімді шамамен 4,6% деп бағалаған еді.

Сонымен қатар, бұл өсім тек мұнаймен ғана байланысты емес: Ұлттық банк құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, көлік, сауда және басқа да мұнай емес салалардағы күшті өсімді атап өтті. 2026 жылдың қаңтарынан шілдесіне дейін ЖІӨ жылдық көрсеткіш бойынша 4,1%-ға, ал мұнай емес сектор шамамен 5,4%-ға өсті.

Негізгі мәселе — бағалар. Тамыз айында инфляция ұзақ уақыт ішінде алғаш рет 10%-дан төмен түсіп, 9,8%-ды құрады. Ұлттық банк айтарлықтай қатаң ақшанесие саясатын жүргізіп келеді; қыркүйектегі шешімнен кейін базалық мөлшерлеме 16,25% деңгейінде сақталды.

Сондықтан желтоқсанға қарай келесідей жағдайлар күтіледі:

- Экономикалық өсім шамамен 4-5%;
- Инфляция әлі де 9-11% шамасында сақталады, 5%-ға оралмайды;
- Мұнай бағасы қолайлы, бірақ күрт ауытқу қаупі бар салыстырмалы түрде тұрақты деңгеде;
- Несие беру мөлшерлемелерінің жоғары болуы;
- Мемлекеттің күшті рөлі мен ірі инфрақұрылымдық инвестициялардың жалғасуы;
- Каспий және Орталық Азия арқылы өтетін көлік жолдары маңыздылығының артуы.

ЖАҒДАЙДЫ НЕ НӘРСЕ КҮРТ ӨЗГЕРТУІ МҮМКІН?

1. Геосаяси жағдай жақсарса: Энергетика мен көлік тасымалы бағасы төмендейді. Бұл — Қазақстанның экспорттық кірісі үшін минус, ал импорттық инфляцияның төмендеуі есебінен халық үшін плюс. Негізгі қауіп ретінде мұнай бағасының құлдырауы, инфляциялық қысымның күшеюі және әлемдік сауданың жандануы қала береді. Қазақстан үшін бұл теңге тұрақтылығын және мөлшерлемелердің біртіндеп төмендеуін білдіруі мүмкін.

2. Қақтығыстар ушығып кетсе: Мұнайдың жоғары бағасы бір мезгілде Қазақстанның экспорттық кірісіне пайда әкеледі, бірақ импорттық инфляция арқылы халыққа салмақ түсіреді. Қосымша тәуекел — Каспий құбыр консорциумы (ККК) арқылы мұнай экспортының ықтимал үзілуі. Бұл тәуекелді ХВҚ ерекше атап өтті.

3. Қытайда немесе әлемдік экономикада айтарлықтай баяулау болса: Бұл Қазақстанның шикізаты мен инвестиция тарту мүмкіндігіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

ЖЫЛ СОҢЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

2026 жылдың желтоқсанында Қазақстан экономикасы өседі, бірақ халық әлі де жоғары бағалардың салмағын сезінеді. Инфляция біртіндеп төмендеуі тиіс, алайда ол қолайлы 5%-дық деңгейден әлі де алыс: Ұлттық банктің өзі қазіргі уақытта бұл мақсатқа 2028 жылдың басында жетуді көздеп отыр.

Ал жаһандық деңгейде жылдың соңы үш негізгі факторға бағынады:

- Соғыстар мен қауіпсіздік мәселелері;
- Мұнай бағасы мен инфляция;
- АҚШ пен Қытайдың технология мен ықпал үшін бәсекелестігінің артуы.

Керімсал ЖҰБАТҚАНОВ

АЛМАТЫ МЕН АСТАНА ӘЛЕМДЕГІ ҮЗДІК 300 ҚАЛАНЫҢ ҚАТАРЫНА КІРДІ

Қазақстанның қос қаласы Global Cities Index 2026 рейтингінің үздік үш жүздігіне еніп, ТМД-ның көптеген қаласынан озып кетті.



Алматы мен Астана Oxford Economics халықаралық зерттеу ұйымы жасайтын Global Cities Index 2026 рейтингі бойынша әлемнің үздік 300 қаласының қатарына енді. 1000 қаланы қамтыған тізімде Алматы 265-орынға, ал Астана 281-орынға жайғасты. Осылайша, Қазақстанның екі мегаполисі Орталық Азия қалалары арасында көш бастап, посткеңестік кеңістіктегі бірқатар ірі қаладан жоғары нәтиже көрсетті.

Алматы мен Астанадан кейін Тбилиси 287-орынға, Киев 304-орынға, Мәскеу 313-орынға, Баку 323-орынға, Санкт-Петербург 454-орынға, ал Бішкек 461-орынға орналасты.

Алматы мен Астана **адами капитал көрсеткіші** бойынша одан да жоғары нәтижеге қол жеткізді. Алматы әлем бойынша **66-орынға**, ал Астана **98-орынға** жайғасты. Бұл көрсеткіш бойынша қазақстандық мегаполистер Анкара, Варшава, Прага, Таллин, Мәскеу және басқа да ірі қалалардан жоғары тұр.

Осылайша, Қазақстанның екі ірі қаласы заманауи мегаполистің даму деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі бойынша әлемнің үздік 100 қаласының қатарына кірді.

Адами капитал дегеніміз – қалада тұратын, білім алатын және еңбек ететін адамдардың әлеуеті. Оған тұрғындардың білім деңгейі, білікті мамандардың болуы, жұмыс күшінің сапасы, сондай-ақ қаланың талантты кадрларды тарту және дамыту мүмкіндігі жатады.

Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан қалаларының нәтижесі ерекше назар аудартады. Яғни Алматы мен Астананың даму әлеуеті тек инфрақұрылымға, инвестиция көлеміне немесе экономика ауқымына ғана емес, ең алдымен адам капиталына байланысты екенін көрсетеді.

Экономикалық көрсеткіш бойынша Астана Алматыдан жоғары нәтиже көрсетті. Қазақстанның елордасы бұл санатта 264-орында, ал Алматы 288-орында тұр.

Oxford Economics рейтингі экономика мен адами капиталдан бөлек, өмір сүру сапасын, қоршаған ортаның жағдайын және басқару тиімділігін де ескереді. Осы бес бағыттағы көрсеткіштер негізінде қалалардың жалпы рейтингі қалыптастырылады.

Әлемдік рейтингтің алғашқы үштігіне екінші жыл қатарынан Нью-Йорк, Лондон және Париж кірді.

Қазақстан үшін рейтингтің басты нәтижелерінің бірі – Алматы мен Астананың әлемдегі 1000 қаланың арасында алғашқы үштен біріне енуі, Орталық Азия қалалары арасында жоғары орындарға жайғасуы және адами капитал көрсеткіші бойынша әлемнің үздік жүздігіне кіруі.

Бұл көрсеткіш қалалардың болашағын бағалауда маңызды факторлардың бірі саналады. Өйткені қазіргі заманғы қаланың бәсекеге қабілеттілігі ғимараттар, жолдар немесе экономиканың көлемімен ғана өлшенбейді. Қала үшін білімді, білікті және кәсіби мамандардың сол жерде өмір сүріп, жұмыс істеуді таңдауы да маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, Алматы мен Астананың адами капитал көрсеткіші бойынша жоғары нәтиже көрсетуі Қазақстанның екі мегаполисінің дамуындағы маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

«Маман бол да, адам бол»



(Соңы. Басы 1-бетте).

2010 жылы «Хабар» агенттігі ұйымдастырған «Жастар жанары» байқауы өтіп жатты. Бір күні Сейдулла ағай мені өзіне шақырып алды. Байқаудың хабарландыруын көрсетіп:

– Қатысып көрші. Сенің қолыңнан жазу келеді, – деді.

Бір ай уақыт берілген екен. Не жазатынымды біраз ойландым. Ақыры туған нағашы ағамның, біз ата деп атайтын кісінің отбасылық өмірі туралы жазуды ұйғардым. Атамыздың сегіз қызы бар еді. Кенжесі – тоғызыншы перзенті ұл болды. Біздің әулет үшін бұл үлкен оқиға болатын. Оқиғаның өзінде бір әулеттің қуанышы, бір әкенің арманы, қыздар мен ұлдың арасындағы ерекше байланыс жатқандай көрінді.

Сөйтіп эссенің тақырыбы да ойыма бірден келді: «Сегіз сұлу, бір сері».

Тақырып өзіме ұнады. Өзгертпеймін деп шештім. Сюжетін ойлап жүріп, эссені жазып шықтым. Нәтижесінде бас жүлдені жеңіп алдым. Арнайы дипломмен бірге ақшалай жүлде де бұйырды. Кейін «Хабар» агенттігі осы эссенің желісі бойынша арнайы хабар түсіріп, нағашыларымның ауылына да барды. Ол – өз алдына бөлек әңгіме.

Ал мен үшін бұл жеңістің мәні басқада еді. Себебі менің бойымдағы қабілетті бірінші байқап, «қатысып көр» деп жол сілтеген адам – Сейдулла ағай болатын. Қуанышымды бірінші болып ағайға жеткіздім. Ол кісі тағы да әдеттегідей ақылын айтты:

– Ақшаңды жина, жаратпа. Алғашқы қомақты табысың, болашаққа инвестиция болсын, – деді.

Кейде өмірдегі үлкен нәрселердің бастауы өте қарапайым болады. Бір ауыз кеңес. Бір сәттік қолдау. Бір адамның сенімі.

2012 жыл. Біздің топ университеттегі ең алғыр, ең ұйымшыл топтардың бірі болды. Топта он түрік, сегіз қазақ студент оқитынбыз. Ұлтымыз бен шыққан ортамыз әртүрлі болғанымен, бәрімізді біріктірген бір дүние бар еді – студенттік достық. Ал бәріміз үшін ортақ бір нәрсе – Сейдулла ағайдың көңілін қалдырмауға тырысатынбыз. Ағайдың сабағы құрғақ теорияны жаттауға құрылған жоқ. Ол журналистикадағы өз жолынан мысал келтіретін. Баспасөздегі тәжірибесін айтып, көрген-білгенін бөлісетін. Журналист болудың сыртқы қызығына емес, ішкі жауапкершілігіне көбірек мән беретін.

«Маман бол да, адам бол» деген сөзі әлі күнге дейін есімізде.

Меніңше, бұл – бір пәннің бағдарламасына сыймайтын, бірақ өмірдің өзіне жететін үлкен сабақ. Бірде ағай үйге арнайы тапсырма берді. Бірақ ертеңіне ешқайсымыз орындамай келдік. Жастық қой. Еркелік бар, бұзықтық бар. Оның үстіне топ старостасы өзіммін.

– Ағайдың алдында ұят болғанша, бәріміз сабақтан қашып кетейік. Әрі кетсе аудиторияны шатастырыппыз дерміз, – деп «ақыл» айттым.

Топтағылар да қолдай кетті.

Арамызда Салтанат деген қыз бар еді. Әжесінің тәрбиесін алған, өтірік айтуды жек көретін. Тіпті бірде оқытушы оған «бес» қоймақ болса, «Апай, маған төрт қойыңызшы, мен беске лайық емеспін» деп бәрімізді таңғалдырған.

Сол Салтанат біз кеткеннен кейін аудиторияға қайта кіріп, тақтаға:

«Ағай, бізді іздемеңіз, біз сабақтан қашып кеттік», – деп жазып кетіпті.

Ертеңіне ағай бәрімізді жинады. Әуелі қатты ренжіді. Біз де ұялып, қатты өкініп қалдық.

Біраздан соң ағайдың қабағы жазылып:

– Тентектер-ау, қашқан соң үндемей кетпейсіңдер ме? Тақтаға жазып кетіп, деканға дейін көрсетіп кетіпсіңдер ғой сырларыңды, – деп күліп алды.

Содан кейін сабақтан қашуды қойдық. Бұл – сырт көзге қарапайым ғана студенттік естелік. Бірақ жылдар өткен сайын сол оқиғаның мәні тереңдей түседі. Ұстаздың шәкіртке ренжуі де, кейін әзілмен түсіндіруі де – тәрбиенің бір түрі екен.

2013 жыл. Университет бітіруге жақындадық. Төрт жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Бір кезде бейтаныс болып көрінген орта енді өз үйіңдей. Қатарластарың досқа, ұстаздарың жақын адамға айналған.

Мемлекеттік емтихан кезінде Сейдулла ағай маған қарап:

– Сен оқуға түскен жылы Алматыға қайта ауысып кете ме деп қорқушы едім. Төрт жыл оқып шықтың. Ұстаздарыңмен де, қатарластарыңмен де тіл табысып, бәрімен жақын болып кеттің. Сен дәл осы университетті таңдағаның үшін, менің шәкіртім болғаның үшін рақмет! – деді.

Сол сәтте жүрегім ерекше толқыды. Көзіме жас келіп:

– Сізге рақмет, ағай! – дей бердім.

Жылдар өте келе сол сөздің салмағын бұрынғыдан да жақсы түсініп келемін.

Біздің студент кезімізде ағай Ташкентке жиі баратын. Докторлық диссертациясын қорғауға дайындалып жүрді. Ғылым жолының машақаты аз емес еді. Көп күш пен уақытты талап етті. Бірақ соның бәріне қарамастан шәкірттерін де назардан тыс қалдырмады.

Таза жолмен, адал еңбегімен ғылымға үлес қосып, журналистиканың қазанында қайнап, талай жастың қанатын қатайтып, өмірден өз орнын табуына себепші болды.

Бүгінде сол ұстазымыз жетпіс бес жасқа толып отыр. Адамның жасы – күнтізбедегі сан ғана емес. Оның артында атқарылған іс, тәрбиелеген шәкірт, жазылған кітап, айтылған сөз, біреудің өміріне жасалған ықпал тұрады.

Сейдулла ағайдың өмір жолына қарасам, ұстаздықтың шын мәні де осында сияқты. Ұстаз кейде саған мамандық үйретеді. Кейде қалам ұстатады. Кейде дұрыс таңдау жасауға көмектеседі. Ал кейде бар болғаны бір ауыз сөз айтып, өзіңе деген сеніміңді қайтарады.

Менің өмірімде Сейдулла Садықұлы осындай ұстаз болды.

Ол маған журналистиканы ғана үйреткен жоқ. Өз ойынан қорықпауға, адамды ұлтына не шыққан жеріне қарап емес, адамдығына қарап бағалауға, еңбек етіп, тапқан дүниені ұқсатып жұмсауға, ең бастысы – қандай маман болсаң да, адам болып қалуға үйретті.

Сондықтан мен үшін Сейдулла ағай – университеттегі ұстаз ғана емес, өмірімнің белгілі бір кезеңінде жол көрсеткен, қолдаған, сенім артқан адам.

ҰСТАЗДЫҚ ПЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Белгілі журналист, ғалым, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Сейдулла Садықұлының өмір жолына үңілгенде, бір адамның ғұмырынан журналистика, ғылым мен ұстаздықтың үштағанын көреміз. Бұл – бір-бірінен бөлек жатқан үш сала емес, бір арнадан бастау алып, елдік мұратқа тоғысқан тағдыр жолы.

Мен Сейдулла Садықұлын ең алдымен ұстаз ретінде танылдым. Бірақ ұстаздық болмысын тереңірек тани келе, оның журналистік мектебінен өткенін, ғылымға деген адалдығын, қалам мен шәкіртті қатар ұстағанын түсіндім. Біз үшін ол жай ғана оқытушы емес, кәсіби жолдың жөнін көрсеткен, сөздің салмағын сезінуге үйреткен аға буын өкілі болды.

Сейдулла Садықов 1951 жылы 27 қыркүйекте Түркістан (бұрынғы Шымкент) облысы Жетісай ауданының Қызылқұм ауылында дүниеге келді. 1968 жылы ауылдағы орта мектепті тамамдаған соң, оқушы кезінен баспасөзге мақалаларын жариялап жүрген жас тілші аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданады. Осылайша бала күнгі арман кәсіби жолға айналды.

Журналистика сырт көзге сөз өнері болып көрінгенімен, оның ар жағында тынымсыз еңбек, ізденіс, жауапкершілік бар. Сейдулла Садықұлы мұны жастайынан сезінді. Газет редакциясы оның алғашқы мектебі болды. Қаламын серік еткен жас журналист елдің тыныс-тіршілігін, еңбек адамдарының өмірін, қоғамдағы өзгерістерді көріп, оны сөз арқылы жеткізудің қыр-сырын меңгерді.

1970-1972 жылдары әскери борышын өтеп келген соң, бала күнгі арманына қайта оралып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті.

Университет адамға тек білім беріп қана қоймайды. Ол үлкен өмірге дайындайды. Сейдулла Садықұлы студент кезінен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілетін танытты. Сол кезеңдегі студенттердің жазғы құрылыс жұмыстарына, күзгі ауыл шаруашылығы науқандарына қатысуы жастарды еңбекке баулудың өзіндік мектебі еді.

Оқуын тамамдаған жас маман Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне жіберілді. Мұнда жауапты хатшының орынбасары, меншікті тілші, арнаулы тілші қызметтерін атқарды. Газеттегі жұмыс жылдары оның кәсіби журналист ретінде қалыптасуын одан әрі шыңдады.

Сол кезеңдегі журналистің жүгі де, жауапкершілігі де ауыр еді. Басылымдардың қоғамдық-саяси жүйедегі орны айрықша болатын. Сондықтан журналистен сауатты жазумен бірге қоғамның тынысын түсіну, оқиғаның астарына үңілу, сөздің салмағын сезіну талап етілетін. Сейдулла ағайымыз осы мектептен өтті.

1987 жылы өзі түлеп ұшқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне конкурстық негізде аға оқытушы болып қабылданады. Кейін факультет деканының тәрбие істері жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Осылайша журналистикадан ұстаздыққа қарай жаңа кезең басталды.

«Білім – инемен құдық қазғандай» дейді халқымыз. Ал ғылым жолы одан да күрделі. Ғалым болу – атаққа жету емес, үздіксіз ізденудің, табандылықтың, өзіңе де, өзгеге де талап қоя білудің жолы. Ұстаздықпен қатар ғылымды алып жүру тіпті оңай емес. Өйткені ұстаз білім беріп қана қоймайды, шәкіртінің бойына жауапкершілік, азаматтық ұстаным, елдік сана сіңіруге тиіс.

Сейдулла Садықұлының ғылыми ізденісі де журналистикадан алшақ кеткен жоқ. 1992 жылы 26 маусымда М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде журналистика мамандығы бойынша «Аграрные преобразования в Казахстане и печать» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ол кезеңде Мәскеу төрінде ғылыми еңбек қорғау кез келген зерттеушінің қолынан келе бермейтін. Бұл – ғалымның ізденісі мен білімінің мойындалуы еді.

1994 жылы Сейдулла Садықұлының өмірінде тағы бір үлкен белес басталды. Ол арнайы шақыртумен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ауысып, Түркістанға табан тіреді.

Алматыны қимай келгенімен, киелі Түркістан оны жаңа міндет, жаңа орта, жаңа жауапкершілікпен қарсы алды. Журналистика мамандығын дамыту, жас мамандар даярлау ісіне білек сыбана кірісті. 1995 жылдан журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2003–2005 жылдары докторантурада аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми зерттеу жүргізді. Бүгінде осы университеттің журналистика кафедрасының профессоры.

Ғалымның 120-дан астам ғылыми еңбегі бар. Оның қатарында журналистика және публицистика мәселелеріне арналған оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, оқу-әдістемелік еңбектер мен ғылыми-зерттеу мақалалары бар. Шетелдік басылымдарда отыздан астам ғылыми мақаласы жарық көрген. Scopus базасында жарияланымдары бар. Халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар мен халықаралық түркология конгрестерінде жиырмадан астам баяндама жасаған.

Ғалым еңбектерінің географиясы да кең. Оның зерттеулері АҚШ, Қытай, Нидерланды, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан секілді елдердің басылымдарында жарияланды. «Казахи. Вопросы идентификации и идентичности и печать Казахстана» атты 26 баспа табақ көлеміндегі монографиясы Германияның «Palmarium» академиялық баспасынан шықты. «Тюркская филология: вопросы языка и литературы» атты халықаралық жинаққа Бакуде, «Освещение вопросов национальной идентичности в казахстанской публицистике» атты монографиясы Ташкентте жарық көрді.

Қазақ журналистикасының ұлттық болмысы мен кәсіби мәселелерін қозғайтын «Қазақ журналистикасы: ұлттық бірегейлік мәселелері», «Ұлттық рух жаршысы», «Қоғам және журналист», «Публицистің шығармашылық шеберханасы», «Қазақ елі: Тәуелсіздік публицистикасы», «Журналист жолға шықты», «Қазақ журналистикасы: ұлттық идея» секілді еңбектері де өз оқырманын тапты. Бұл кітаптардың бірқатары еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының журналистика факультеттерінде оқу үдерісінде пайдаланылып келеді.

Сейдулла Садықұлының шығармашылық жолындағы ерекше еңбектердің бірі – «Журналистика – тағдырым» атты мемуар-романы. Бұл кітаптың жөні бөлек. Себебі журналист өз өмір жолын өзі таразылап, кәсіби тағдырын көрген-білгенімен, әріптестерінің шығармашылық ізденісімен сабақтастыра отырып баяндаған. Бала күнгі қаламға деген құштарлықтан кәсіби журналистік жолға дейінгі аралықты қамтыған шығарма – бір адамның ғана ғұмырнамасы емес, белгілі бір кезеңдегі қазақ журналистикасының да шежіресі.

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТКЕН

Түркістан – түрік дүниесінің рухани астанасы. Сондықтан бұл қалада журналистика мамандарын даярлау ісінің орны бөлек. Осы ортада Сейдулла Садықұлының алдынан мыңдаған шәкірт өтті. Олардың арасынан елге танылған қаламгерлер, журналистер, ұстаздар шықты.

Ұстаз еңбегінің ең үлкен өлшемі де осы емес пе?! Ұстаздың аты шәкіртінің жүрісінен, жазғанынан, азаматтық ұстанымынан көрінеді. Өз басым Сейдулла Садықұлын осы тұрғыдан бағалаймын.

Ғалымның докторлық зерттеуі де ұлттық мәселеге арналды. 2012 жылғы 29 наурызда Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің арнайы мамандандырылған докторлық диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациясын қорғады.

Ұлттық бірегейлік – уақыт өткен сайын мәні арта түсетін мәселе. Ел тәуелсіздігі тек мемлекеттік шекарамен немесе саяси дербестікпен өлшенбейді. Ұлттың өзін тануы, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін, рухани құндылықтарын бағалауы да тәуелсіздіктің тұғырын бекітеді. Сейдулла Садықұлы ғылыми еңбектерінде осы мәселелерді журналистика мен публицистика тұрғысынан зерделеді.

Ғалымның еңбегі мемлекет тарапынан да лайықты бағаланды. 2018 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Өзбекстанның Жоғарғы аттестациялық комиссиясы берген филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесі дипломының баламалығы танылды. 2014 жылы қауымдастырылған профессор ғылыми атағы берілді.

Сейдулла Садықұлы – кәсіби журналист қана емес, қаламын ғылыммен ұштастырған зерттеуші. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, республикалық шығармашылық байқаулардың жүлдегері. Түркістан облысы мен Түркістан қаласының үздік насихатшысы атанды. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2012» атағына ие болды. Қазақстан филологтарының I съезіне қатысты. Түркістанның «Жыл адамы» атанып, Н.Төреқұлов, М.Шоқай және Түркістанға сіңірген еңбегі үшін медальдармен марапатталды.

Алайда адамның ең үлкен марапаты – ел алдындағы еңбегі.

Сейдулла Садықұлының ғұмыр жолына үңілгенде, оның жетістіктерінен гөрі сол жетістіктерге жеткізген табандылығы назар аударады. Өйткені атақ пен марапат – еңбектің сыртқы көрінісі ғана. Ал оның ар жағында жылдар бойы үзілмеген ізденіс, шәкіртке деген жауапкершілік, журналистикаға деген адалдық жатыр.

БАСПАСӨЗДЕГІ ҚОЛТАҢБАСЫ

Ғылым жолына түскен журналистің баспасөзден қол үзіп қалуы жиі кездеседі. Уақыт тапшылығы, ғылыми зерттеудің ауыр жүгі, шәкірт тәрбиесі кейде қаламгерді күнделікті ақпарат кеңістігінен алыстатып жатады. Сейдулла Садықұлының ерекшелігі де осында – ғылымға бет бұрғанымен, журналистиканы тастамады.

Ол республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Қазақ үні», «Әділет», облыстық «Оңтүстік Қазақстан», «Қостанай таңы», қалалық «Түркістан» газеттері мен «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналында, жоғары оқу орындарының ғылыми басылымдарында мақалаларын жариялап келеді. Оның ғылыми-публицистикалық еңбектері Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан басылымдарында да жарық көрді.

Бұл – жай ғана кәсіби әдет емес. Бұл – журналистиканы өмірлік тағдыры деп қабылдаған адамның қаламға деген адалдығы.

Сейдулла Садықов шығармашылығының өзегінде елдік мәселе жатыр. Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірегейлік, халықтың ынтымағы мен бірлігі, қазақ қоғамының көкейкесті мәселелері, жастардың болашағы, журналистиканың жауапкершілігі – оның қаламынан тұрақты орын алған тақырыптар.

Біз, шәкірттері, ұстаз өмірінің осы белестеріне сырттай ғана баға беріп қоймаймыз. Оның әр сөзінен, әр сабағынан, әрбір кәсіби әңгімесінен өзімізге сабақ алдық. Журналистикада тақырып табудан бұрын, адамның тағдырын түсіну керегін; мәтін жазудан бұрын, сөздің жауапкершілігін сезіну қажеттігін ұқтық. Бұл – кітаптан ғана үйренетін білім емес. Мұндай тағылымды өмірден көріп, ұстаздан сіңіреді.

Сондықтан Сейдулла Садықұлының өмір жолынан бір нәрсені анық аңғаруға болады: мамандықты таңдау бір басқа да, оны тағдырға айналдыру бір басқа.

Журналистикаға бала күнінен келген Сейдулла Садықұлы сол мамандығын өмірінің өзегіне айналдыра білді. Қаламгер болды, ғалым болды, ұстаз болды. Бірақ осы үш арнаның үшеуінде де оның негізгі мұраты өзгерген жоқ – елге қызмет ету, ұлттық ойға үлес қосу, кейінгі ұрпаққа білім мен тәжірибе қалдыру.

Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз бар. Сейдулла Садықұлының ғұмыр жолына қарап отырып, осы сөздің мәніне тағы бір мәрте көз жеткізгендей боласың. Себебі ұстаздың шәкірті, ғалымның еңбегі, журналистің сөзі – уақыттан ұзақ жасайтын рухани мұра.

Ұстаздан тәлім алған шәкірт үшін мұндай тұлғаның мерейтойы – жай ғана құттықтау айтуға себеп емес, өзіңе есеп беретін сәт. Ұстаздан не үйрендік? Оның аманатын қалай жалғастырып жүрміз? Қаламға деген адалдығын біз қаншалықты бағалай алдық? Осындай сауалдар әр шәкірттің көңілінде тұрады.

Сейдулла ағайдың бізге берген ең үлкен сабағы да осында шығар. Журналист болу – жазу ғана емес, елдің сөзін сөйлеу. Ғалым болу – атақ жинау емес, ақиқат іздеу. Ұстаз болу – дәріс оқу ғана емес, шәкірттің жүрегіне із қалдыру. «Алдымен адам бол» деген ақылының өзі неге тұрады!

Биыл 75 жас мерейтойына жетіп отырған ұстазымызға ұзақ ғұмыр, шығармашылық қуат, ғылыми ізденісіне толайым табыс тілейміз. Ел ертеңі – жас мамандарды тәрбиелеу жолындағы еңбегі еселеніп, шәкірттерінің жетістігі өзіне қуаныш болғай. Қаламыңыз мұқалмай, сөзіңіз елдік ойдың жүгін арқалай берсін, қадірлі ұстаз!

Кейде адамға өмір бойы алғыс айтуға бір ғана сөйлем жетеді.

Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ,
«Ana tili»



Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АДАМ – БӘРІНЕН БИІК

(Халықтық Конституцияның мәні мен мазмұнынан туындаған ойлар мен толғаныстар)

(Соңы. Басы 1-бетте).

I. АДАМ МҰРАТЫ

Ақиқатында, Ата Заң – ел тарихын, арғы-бергі кезеңдерін, бағыт-бағдары мен даму үрдістерін айқындайды. Ойға алсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы – 11 бөлім, 96 баптан тұрады. Әр бөлім – «Конституциялық құрылыс», «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер», «Президент», «Құрылтай, «Үкімет», «Қазақстан Халық кеңесі», «Конституциялық сот», «Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу», «Қорытынды және өтпелі ережелер» деп аталады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді (Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Сардар, 2026. – 192 бет).

Жаңа Ата Заңның преамбуласында: «Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, адамның және адамзаттың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз», – делінген. Осында, сөз жоқ Ұлы Дала, Қазақ халқы мен оның мың сан жылдық тарихы, шекарасы мен тұтастығы һәм сабақтастығы, ұлт пен ұрпақ жауапкершілігі, адам мен оның құқықтары, бостандығы мен еркіндігі, этносаралық және конфессиялық татулық, бірлігі мен ынтымағы кең көлемде орын алады.

Бұдан бөлек, анығында: «Конституцияның преамбуласы – Ата заңды салтанатты түрде ашатын жай кіріспе сөз емес, мемлекеттің басып өткен жолы мен болашаққа бағдарлаған ұстанымының рухани һәм құқықтық айнасы. Ол: «Біз кімбіз, қандай құндылықтарға сүйенеміз, қайда барамыз?» деген маңызды сауалдарға жауап береді. Негізгі заңның баптары мемлекеттің қалай жұмыс істейтінін айқындаса, ал преамбула елдің не үшін өмір сүретінін аңғартады. Сондықтан оның жаңаруы мемлекет пен қоғамның өзгергенін білдіреді» (Шәріп А. Пайымы биік преамбула. – «Айқын», 2026, 18 тамыз).

Осы жайттарды ескерсек, Адам – ардақты ат, құрметті есім...

Адам мен өмір егіз...

Адам – өмірге бір-ақ рет келеді. Өмір – адамға бір-ақ рет беріледі. Ақыл-нұры, білім-білігі, дәстүр нәрі, әрекет-қимылы, еңбек болмысы, тарих пен таным арналары, тәрбие өнегесі, тіршілік тынысы, бәрі-баршасы – болашақ бағдарына, ұлт пен ұрпаққа, отан мен отбасына қызмет ету.

Адамның өмірге келуі – қуаныш. Өмірден өтуі – қасірет..

Адамның есейіп-өсуі, елге қызметі – абырой, мәртебе!..

Адам – қоғамды құрды, қоршаған ортаны қалыптастырды, ел-жерге иелік етті!.. Адам – өмірін өзі өрнектейді. Еңбек – бақытқа бөлеп, ізгілендіреді.

Қысқа шегініс, шолу жасасақ, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында (әр жылдар бойынша), жыл басындағы – «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Түркістан» газеттеріндегі сұхбаттарда, бұдан басқа демократиялық, зайырлы һәм әлеуметтік-құқықтық мемлекет қағидаттарының арқауында – Адам мен оның өмірі, еңбегі мен денсаулығы, білім-білігі, құқықтары кең орын алады. Негізгісі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бөлім, 1-бабында: «Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп атап көрсетілген (2026, 15 наурыз).

Бұл бағытта, әрине отан мен отбасында, мектепке дейінгі мекеме мен орта мектепте, жоғары оқу орындарында – адам мен оның өмірі, еңбегі мен құқықтары, қоғамдағы орын-үлесі дұрыс жолға қойылған. Ел-жер мәні, елдік пен ерлік шежіресі, дәстүр мен дүниетаным, тарих пен таным, адамгершілік, ақылпарасат, жасампаздық, еңбекқорлық, патриотизм, ізгілік, сенім, сыйластық, тәлім-тәрбие төңірегінде кең көлемде сөз етіледі. Алайда, «Көрмейін десем көзім бар», – деген қағидаттың дүрбісімен қарасақ, алаяқтық әрекеттер, жемқорлық пен сыбайластық, қылмыс көріністері (мысалы, адамзатқа қарсы қылмыстар, адам өлтіру, бұзақылық, құмар ойын, отбасылық зорлық-зомбылық, жыныстық, экологиялық т.т.), жол апаты, кездейсоқ оқиғалар т.т. тым көпақ. Тіпті, бір күннің шежіресі, бір түннің оқиғасы – өмірдің нұрлы мәнін, адамның асқақ құндылығын, еңбектің мерейлі салтанатын, бейбітшілік пен тыныштықтың бағасы мен бәсін, жарық дүниенің қымбат қадір-қасиетін, жоғары маңызын аяқасты етіп, жарамсыз күйге түсіріп, жойып жібереді. Адамзаттың асыл мұраты, жаңа технология мен жасанды интеллект қуаты – Адам мен оның еңбегін ардақтап, жарық дүние мен өмір өлкесіндегі жасампаздық пен ізгілікке негізделген қалтқысыз қызметін жоғары бағалап, бәрінен биік екенін білгені жөн. Жер-жаһан, шартараптағы планета мен қоршаған орта – адам мен оның өмірі, еңбек болмысынсыз бос кеңістік!.. Кеңістік пен уақыт арақатынасы да ақиқат мәнін арттыра түседі.

Жарық дүние – жалған, өмір мұраты – мәнсіз, адам еңбегі – құнсыз болса, жасампаздық жолы – қысқа, тіршілік баяны – құнсыз болғаны ғой!..

Асылы, адам мұраты – арман-аңсар, мақсат-мұраттарға негізделіп, ақылпарасат, оқу-білім, тәлім-тәрбие арқылы берік бекіп, кең өріс алады.

Адам мұраты – әділетті һәм тұрақты қоғам, заң мен тәртіп, адал да арлы азамат ұстанымы, жауапкершілік жүгі, еңбекқорлық мәні, отаншылдық рух, біртұтас тәрбие жүйелі жүзеге асқанда ғана жан-жақты айқындалады. Құқықтық мемлекет қағидаттарының асыл арқауы – адам мен оның өмірі, еңбегі, зияткерлік мәні, қадір-қасиеті де осында жатқаны анық. Тегінде, адам мұраты асқақ, ұстанымы – жасампаздыққа негізделсе, қоғам ізгіленеді, дәуір дидары да нұрланып, болашаққа бағдар айқындалып, өмірге құштарлық артып, жанжүрек жадырап, ақыл-парасатқа кең өріс ашылады. Бұдан байқалатыны: адам – әлемнің әміршісі, оның өмірі мен еңбек болмысы – қоғамның қозғаушы күші. Ақыл-парасаты, тәжірибе өрнектері – жасампаздық жолы. Маңыздысы: «Адамнан бұрын оның ішіндегі Құдайды сүю керек», «Әрбір мейірімді адамның жүрегінде – Құдай өмір сүреді!» (Л. Толстой), немесе: «...өз сөзім – өзімдікі!», – деп айтқан Хакім Абайға жүгінсек: «...адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады. Сол мінез бұзылмасын!», – деген толғам-тұжырымдары мәнді (Құнанбайұлы А. шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2-том, 2004.– 89,105, 118-беттер). Бұдан басқа, «...Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден» екенін ескерсек (Ә.Бөкейхан), қоғамның басты байлығы – адам, оның өмірі мен еңбегі, құқықтары мен бостандығы, ар-намысы, қадір-қасиеті, дәстүрі мен дүниетанымы, өмір тарихы мен тұрмыс-тіршілігі айрықша болып табылады. Ендеше, адамзаттың асыл айнасы: адам – бәрінен биік!..

II. АДАМ ЕҢБЕГІ

Адам еңбегі – арғы-бергі тарихта іргелі ізденіс іздерінен, ақыл-ойдың нәтижелі жемісінен, жүйелі де тұрақты әрекет-қимылдан, талапты талпыныс пен қажыр-қайраттың көпке мәлім қырлы-сырлы сипаттарынан кеңінен көрініс беріп, терең танылады. Абай айтқандай:

Жан аямай кәсіп қыл...

Немесе:

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей...

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап, –

деген қатпарлы сөз, қағидалы ойлар өзегінде – адам мұраты, өмір мәні, еңбек болмысы, дәстүрлі құндылықтар, жасампаздық жолы, өнеге өрнектері, тәжірибе тәлімі мол...

Еңбектің әлеуметтік-қоғамдық һәм фәлсафалық қыр-сыры көп-ақ. Оқу-білімнен бөлек, күнделікті әдет-ғадет, кәсіп-тәжірибеден туындаған тұстары да жетерлік. «Кәсіп атасы – еңбек», «Еңбек – бәрін жеңбек»,– деген даналық, қағидаттар тамырында да мың сан арна алып, тарамдалып жатқан жайттар жоқ емес. Абайға жүгінсек: «Адал жүріп, адал тұр», «Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ», «Бейнет көрмей, дәулет жоқ»,– екені анық аңғарылады. Бұдан басқа, Цифрлық технология мен ЖИ дәуірінде, креативті индустрияларды дамыту кезеңінде, заманауи платформалардың мүмкіндігі артқан тұста – адам еңбегін, ақыл-ой қайнарынан қуат алған кәсіби мамандардың игілікті істерін, ізгілікті бастама, ұнамды да қисынды қағидаттарын жоққа шығару қиын-ақ.

Ойға алсақ, Қазақстанда 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» болды. Елдің әлеуметтік-экономикалық салаларына көп көңіл бөлінді. Жұмысшы мамандардың әлеуметтік мәртебесін арттыру, еңбек болмысын дәріптеу, білікті мамандар дайындау, өндіріспен байланысты нығайту, маман құзыреттілігі мен тәлімгерлік тәжірибелерге айрықша маңыз берілді. «Жұмысшы мамандықтары жылы» – еңбек адамына құрметті арттырып, лайықты жалақы беріп, қоғамның белсенді мүшесі ету жайы қозғалады. Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, елдегі демографиялық үрдісті зерделеу, денсаулық жүйесін дамыту, мәдениет пен өнердің дамуын қамтамасыз ету, бұқаралық спорт пен футбол клубтарының кең өріс алуына жағдай жасау ісі де ел дамуымен байланыстырылып, кадр тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оған деген жауапкершілік жүгі де кеңінен қозғалады.

Елімізде – «Әділетті Қазақстан», «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы мен тұжырымдамалары кең қанат жаюы ұлт сапасын арттырып, озық елге айналу бағытында бірлік-берекені баянды етіп, осының негізінде ел-жерді қорғап, еңбек болмысын жақсартып, отан мен отбасын нығайтып, заңды сақтап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, мемлекеттілікті берік ету мақсаты айқын екендігі терең танылады.

Еңбекпен қамту орталықтары – бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастырып, жұмыссыздықпен күрес бағытында бірқатар игілікті істерге мұрындық болып келеді. Жас мамандарды біліктіліктеріне сәйкес өмірдің барша салалары мен нарықта сұранысқа ие кәсіпорын, өндіріс орындарына тартып, еңбек етуге, өз орындарын табуына әсер-ықпал етіп келеді. Еңбек мәнін, кәсіп иесі атанудың – зор мәртебе, айрықша мақтаныш екенін де кеңінен түсіндіреді. Қоғамдық құбылыстардың қыр-сыры, өмірдің мәнді-нәрлі тұстары, береке-бірлік негізі, дамудың даңғыл жолы һәм қайнар көзі – еңбек болмысында жатқанын да жасыру қиын. Осы орайда, ағартушы һәм қаламгер Ж.Аймауытұлы сөзімен сабақтасақ: «...Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Кісі іштен туғаннан-ақ, белгілі бір өнерге икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу сауда, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады, ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады. Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ» (Ж.Аймауытұлы. Жан жүйесі мен өнер таңдау. Кітапта: Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Ғылым, 1998. – 229-бет).

Еңбек болмысы мен мұраты – кең ұғым. Ойға алсақ, салыстырмалы түрде: «...Еңбек еткің келмесе, дастарханға отырма!», – деген даналықта (Апостол Павел) өмір өзегі – еңбек, құдіреті мен қасиеті жатқаны анық.

Еңбек мәні, болмысы мен бедері, құдірет-қасиеті де осында болса керек. Жасыратыны жоқ, жаһандық дағдарыстар, әлеуметтік тығырық пен экономикалық күйзелістер, адами мұраттар мен рухани құндылықтардың төмендеуі – даму бағыттары мен ілкімді үдерістерге кері әсер етті. Мұның өзі, бұдан басқа алыс-жақын елдердегі қазіргі күрделі геосаяси жағдай ауыр ахуалға айналып, жойқын жарылыстар орын алып, көзқарастар алуандылығы, текетірес пен сын-қатерлер күшейген тұста – адам мұраты, еңбек мәні, өмірдің құдіреттілігі кемсеңдеп, ұлттық құндылықтар, жарқын қырлары айқындала түсті. Осы орайда, әрине Ата Заңда айқындалғанындай: «...Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар»,– екені анық (Қазақстан Республикасы Конституциясы. 27-бап, 1-тармақ (2026, 15 наурыз). – Алматы: Сардар, 2026.– 16 бет). Ендеше, адамзаттық құндылықтарда, жасампаздық рухта еңбек болмысын нығайтып, кең өріс ашу – мәнді құбылыстар қатарына жатады. Еңбек адамы да қоғамның басым бағыттарын құрайды. Адам мұраты мен құндылықтары – еңбекпен байланысты. Адам – бәрінен биік екені көрінеді.

III. КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІ

(Жасампаз ұлт, зерделі оқырман хақында)

Кітап – қымбат қазына, ақыл-парасат мәйегі, руханияттың асыл өзегі. Кітап – қазынаның маңызы мен пайдасы: ақыл-парасат артады; білім мәні тереңдейді; сөздік қор молаяды; ойлау қабілеті дамиды; ақпарат көбейеді; қиял шарықтайды; жан әлемі байиды; дереккөздері көбейеді т.с.с.

Кітап – байырғы тарих, кешегі шындық, болашақ бағдары...

Осы реттен алғанда, қатпарлы қағидаттар мен нұсқалы ойлар һәм толғаныстарға жүгінсек, алдымен: «Мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады» (әл-Фараби), «Ақыл – Алланың сыйлығы», «Зерделі кісі бәрінен де жоғары тұрады» (Ж. Баласағұн), «Білім – адамның байлығы» (С.Сарайи), «Кітап – ақылына ақыл сұрамайтын асыл ұстаз», «Шын сөз – нұсқа, Жақсы сөз – қысқа» (Ә.Науай), «Жақсы сөз – жан азығы, жаман сөз – жан қазығы» (Қ.А.Ясауи), «Оқуды ғалым болмақ үшін емес, жақсы өмір сүру үшін игеру керек» (Л. Толстой), «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» (Абай), «Өнердің ең асылы – сөз» (М-Ж. Көпеев), «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» (А.Байтұрсынұлы), «Бір әріп үйреткенге – 40 жыл сәлем бер!» (Ж. Аймауытұлы), «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана!» (Ә.Кекілбайұлы) т.т. адам мұраты, өмір өрнегі, еңбек болмысы, ақыл-парасат құндылығы, кітап – қазына мәні кең көлемде орын алады.

Жаңа технология, цифрлық үдеріс – адамнан кітапты тым алыстатып жіберді. БАҚ құралдарын – онлайн жүйе алмастырғаны анық. Мобильдік жүйе алға түсті. Бәрі-баршасын жұрт біледі, әрі қолжетімді...

Оқу үдерісі төңірегінде көп айтылып, жиі жазылады. Жалпы жұртшылықтан бөлек, мектепке дейінгі мекеме, орта және жоғары мектеп жүйесінде де сын көп-ақ...

Мемлекет басшысының: «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында (2026, 16 мамыр) адам капиталын дамытуға, қоғамның зияткерлік һәм мәдени-рухани әлеуетін арттыруға, оқу-ағарту, білім-ғылым ісін – Кітап арқылы насихаттап, адам әлемін, ақыл-парасат айдынын, көркемдік өріс кеңістігін айқындап, оны дамыту мен нығайту жайын кең көлемде қозғайды. Бұдан бөлек, зерделі ұлт қалыптастыру, қоғамдық кеңістік құру, жаңа форматтағы кітапханалар құру, ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құру, әдеби мұраны шетелде насихаттау, жылдың – 10 оқырманын анықтау негізгі нысан етіледі.

Келесі кезекте, Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев: «Кітап оқитын – ұлт» Жобасы жөнінде үндеуін жұртқа жолдады. Ауыл мен Астана арасына сол сәтте жетті. Марафон басталып кетті. Кітап марафоны бірнеше кезеңнен тұрады. Әркімнің қатысуға құқығы бар. Нәтижесінде, жылдың – 10 оқырманы жеңімпаз аталады. 10 оқырман – 10 млнан ұтады. Марафон жеңімпазы – Ұлттық кітап күні, 23 сәуірде анықталады.

«Кітап оқитын – ұлт» Жобасы – оқу-білімге дұрыс көзқарас қалыптастырып, ұлт руханиятын асқақтатып, әдебиетке құрметті арттырып, оны оқып-үйрену, насихаттау мен тарату ісіне бағытталғаны анық.

«Кітап оқитын – ұлт» Жобасы – ататарих пен қазіргі кезең аралығын кең көлемде қамтып, ұлт руханияты мен ел әдебиетінің қайнарларын оқып-үйрену арқылы кеше мен бүгін байланысын, зияткерлік сабақтастықты дамыту негізінде – кітап-қазына мәйегі мен рухани нәрін жіті танып, жете сезіну.

«Кітап оқитын – ұлт» Жобасы – кітап әлемі мен тарихнамасынан бағыт-бағдар береді. Бұдан басқа, Сөз қашан пайда болған? Талант дегеніміз не? Алғашқы кітап қақында не білеміз? Кім қалай жазады? Жазушы еңбегінің өлшемі не? Қаламгер кітапханасы деген не? Жазушы зертханасы жайлы не білеміз? т.с.с. мың сан сұрақтарға нақты жауаптар беріледі.

«Кітап оқитын – ұлт» Жобасы – жазушы еңбегін, қаламгер миссиясын, кітап-қазынаның көркемдік-рухани мәні мен нәрін, қоғамдық-мәдени һәм танымдық-тағылымдық әсер-ықпалын кең көлемде айқындайды.

«Кітап оқитын – ұлт» жобасы – автортуынды-оқырман байланысын айқындап, ортақ бірлік пен сабақтастық сипатсырларын ашып, артық-кем тұстарды саралап, көркемдік кеңістіктің озық мұраттарына қадам жасайды.

Ел әдебиетін дамыту, рухани нәрдің (кітап) айбынын асқақтатып, қадірі мен қасиетін бағалау мен насихаттау бағытында – ҚР Абай атындағы Әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы, «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы, «Mecenat.kz» әдеби сыйлығы (авторға өмір бойы – 500 АҚШ доллары көлемінде сыйақы беріледі) т.с.с. жүйелі беріліп келеді.

ҚЖО мен Мәдениет және ақпарат министрлігі бірлесіп жүзеге асырған – «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі», «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушыларға қатысты зерттеу жұмысын жүргізу» сынды Жобалар мәні мен міндеті де кітап-қазынаға кең өріс ашып, игілікті де ізгілікті істердің жүйелі дамуына жаңа бағдар, дұрыс жол, тың тыныс, соны серпін берді.

ҚЖО Астана қалалық филиалы ұйымдастырған – «Қаламгер ұстаханасы» жобасы – жазушы мен оқырман арасындағы байланысты бекітіп, дәріс барысында шығармашылық үдеріс жайы, қыр-сыры кеңінен қозғалды.

Бұдан бөлек, «Қала хикаялары» республикалық әдеби байқауы, сөз жоқ ұлт руханиятын, ел әдебиетін, жалпы көркемсөздің табиғатын қолдап, оның кемел келешегіне жасалған батыл қадам екені анық. Анығында, арғы-бергі тарихта сөз атасының бастауында – кітап-қазына ретінде танылды....

Ұлттық кітап күні – 23 сәуірде белгіленді...

Анығында, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жүйелі жүзеге асыру – үйден һәм отбасынан бастау алуы тиіс. Жас нәрестенің есею-өсу жолында қолына қалам, қағаз беріп, сурет сызбалардан – көрініс-құбылыстардың бейне-бедерін анық-қанық болмаса да қал-қадерінше түсіргені жөн. Әке-шешенің көңіл, назары осы тұсты қалт жібермегені жөн. Артық-кем тұстарды айтып-көрсетіп, ақыл-кеңес, бағыт беру арқылы дұрыс таңдауға әбден болады.

Мектепке дейінгі мекеме (балабақша) мен орта мектеп жүйесі – жас ұрпақтың білім нәрін сезініп, таңдап-талғап оқып, белгілі бір бағытқа қызығушылығын еселеп арттыратын кезең екені анық. Осы тұс, сөз жоқ жас ұрпақтың қоғамнан һәм өмірден орнын табуға да ынта-ықылас танытып, мамандық таңдауға бағыт алған, белгілі бір кәсіпке бейімін байқататын кезең екені де жасырын емес. Жас ұрпақ осы тұста ынтықыласы артқан, бағыты айқындалған жаққа бұрылып, қажетті әдебиеттермен танысары анық. Жас ұрпаққа әкешешенің, дос-құрбының ақыл-кеңесі осы тұста еселеп артып, кітапқа қызығушылығы да оянып, оқу мәдениетінің қыр-сырын меңгеруге кең өріс ашылады. Болашақ мамандыққа қатысты әдебиеттермен бірге, көмекші құрал һәм танымдық туындылардың берері де мол. Ұлт мұраты мен руханиятқа қатысты әр алуан тақырыптағы туындылар – жас ұрпақтың қалыптасуы мен дамуына, ой-өрісінің кеңеюіне, жұрт ісінің қадір-қасиетін терең түсініп, елге қызмет ету бағытындағы борыш-қарызды жіті сезінеді. Кітап – қымбат қазыналар қатарынан табылып, өз бетінше ізденіп, қажетті әдебиеттерді жинап, жеке кітапхана қорын да көбейте бастайды. Кітап оқу

мәдениетінің қалыптасып, зияткерлікке қадам басар тұс та осы. Кітап-қазынаның алдымен білімдер жиынтығын ұсынып, нәтижесінде қызығушылық-құштарлық сезімі – кітапқұмарлық орбитасына алып барады. Кітап оқу мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы, іргелі ізденістердің ағысты арна алып, зерделі ұлт баянына ұласар ұшар биігі де осыған саяды.

Негізінен, ақыл-парасат қайнары – кітап әлемі білімдер жиынтығынан тұрады. Ал, білім табиғатында, оның нәрі мен өзегінде – адам капиталын дамытудың, қоғамды өркендетудің, дәстүр мен зияткерлік сабақтастығының асыл арқауы, алтын тамыры жатыр. Абайша түйіндесек: «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез, деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық». Мұның да асыл мұраты мен өзегінде руханият айнасы – кітап әлемі, білімдер жиынтығы жатқаны анық. Оның өзі адамның ақыл-парасаты, еңбек болмысы, өмірдің өнеге-тәжірибесі негізінде жасалады. Мұның маңыз-мазмұнынан қоғамның асыл қазынасы – Адам құдіреті, еңбегі мен өмірі көрініс береді. Өйткені, адам капиталы – ел дамуының арналы саласы, басты бағыттарының бірі. Мұның мазмұн-мәнін мемлекет және қоғам қайраткері Ж. Құлекеев тап басып көрсетеді: «...Адам капиталын дамыту сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулерді қолдауды арттыру, жастардың кәсіби әлеуетін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасау, денсаулық жүйесін жетілдіру, азаматтардың әлеуметтік мүмкіндіктерін кеңейтумен тікелей байланысты. Елімізде адам капиталы тұрақты дамыған жағдайда ғана мемлекеттің жаһандық экономикадағы бәсекеге қабілеттілігі арта түсетіні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституцияда адам капиталы құндылықтарының ерекше орын алуы осы салаға салынатын инвестициялардың ұлғаюына берік негіз қалыптастырады. Демек, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту мемлекеттік саясаттың конституциялық деңгейде бекітілген маңызды басымдығына айналып отыр» (Адам капиталы – басты стратегиялық ресурс. – «Егемен Қазақстан», 2026, 11 тамыз). Осы реттен алғанда, сөз жоқ журналист-жазушы Бигелді Ғабдуллин айтқандай: «Ең ұлы байлық – Адам!» . Демек, әлемнің әміршісі, жұмыр жердің айбары мен мадағы, жарық дүниенің қымбат қазынасы: Адам мұраты мен өлшемі – бәрінен биік!

IV. ҰЛТТЫҚ САНА – ӨЗЕКТІ АРНА, ЕЛДІК ТӘРБИЕ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЙНАРЫ

Ұлттық сана – асыл арна, кең ұғым. Тәрбие ісі – елдік мүдденің қайнар көзі. Тәуелсіздік тұсында бұл бағыттарда іргелі ізденістер жасалып, арғы тарихқа, қазіргі кезеңнің талап-тілектеріне мықтап бет бұрылды. Ел мүддесі, ұлттық құндылықтар басымдыққа ие болды. Әсіресе, мектепке дейінгі мекемелерде, орта және жоғарғы мектеп бағытында жүйелі жұмыстар жасалып жатыр. Оқу мен тәрбие ісі қатар қозғалып, бұл бағыттарға көп көңіл бөлініп келеді. Тарих мәні айқындалып, дәстүр мен дүниетаным, ұлт пен ұрпақ, отан мен отбасы, тәрбие мен тәртіп негізгі назарға алынды. «Наурыз» мейрамы, Республика Һәм Тәуелсіздік күні қарсаңында елдік мүдде мен ұлттық құндылықтарға негізделген дәстүр-салттар жаңғыртылып, атамекен-ататек жайы қозғалып, халықтық тәлім-тәрбиеге кең орын беріледі.

Ақиқатында, білім, ғылым және инновацияны дамыту – Ата Заңда айқындалды. Адам капиталы – білім-ғылым ісінде, экономиканы қалыптастыру мен дамыту жолындағы стратегиялық басым бағыттар қатарына енді. Адам капиталын дамытуға бағытталған – AI-SANA бағдарламасы, ЖОО-дағы – AI пәндері, жаңартылған жаңа білім беру бағдарламалары жас ұрпақты жігерлендіріп, жаңа буын мамандарын қалыптастырады. Нәтижесінде, Әділетті Қазақстанды құру, қуатты елге айналу үдерісіне сүбелі үлес қосады.

Ұлт руханиятының мақтаныш-шамшырақтары айтқан даналық ойлар мен сырлы сөз мәйегінен де елдік мүдде, дәстүр мен дүниетаным, білім-ғылым, тарих пен таным тоғысы, тәлім-тәрбие арналары айқын аңғарылады. Айталық, Әбу Насыр әл-Фараби: «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу», «Шын білім – ақиқат, анық білім», «Мінез – жанның айнасы», «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» ісін алға тартады. Бұлар, асылы елдік мүдде, ұлттық құндылықтарға негізделген. Озық дәстүр, берік дін, терең дүниетаным, тағылымды тарих, тәлімді тәжірибе – білім мен білікті, ғылым ісін берік бекітіп, даналыққа даңғыл жол ашты.

Түркі жұртының рухани атасына айналған – Қ. А. Ясауи мұрасындағы жалпыадамдық мәселелер «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» – «Хикметтер») кітабының табиғаты мен тағылымын айқындайды. Алланың ақиқат жолы, адамдық мұрат пен адамгершілік қағидаттары, қоғам мен заман шындығы, дүние дидары, дін-діл мәні, ар-иман иірімі, ақыл-парасат өлшемі, исламдық тәрбие, софылық идея, ел-жер қадірі, дәстүр мен дүниетаным арналары, жауапкершілік жүгі, жастық-достық сипаты, кісілік пен кішілік, сыйластық сырлары, тәлімдік сипаттар кең түрде көрініс береді. Қыр-сыры жан-жақты ашылады. Сондай-ақ, Төле би Әлібекұлы: «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса



игі, Өзіне келер ұятты өзі біліп тұрса игі», «Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа», «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа әділ бол!» – десе, Хакім Абай: «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!», «Бала – ата-ананың көз қуанышы», «Тіл өнері – дертпен тең»,– деп түйін жасайды. Ақын Мағжан «Педагогика» деген еңбегінде (1922) тәрбие мәні, жан мен дене сипаты, ақыл көрінісі, мінез құбылысы, жас ұрпақ жаратылысы хақында кеңінен сөз қозғайды. Ал, Алаш ардағы Ж. Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты еңбектерінде (1926) адам мұраты, ақыл-қайраты, жан әлемі әр қырынан қарастырылады. Ана тілі, бесік жыры, білім-білік, тәлім-тәрбие алға шығады. Елдік мүдде, ұлттық құндылықтар – тарихи сана мен тәрбие өзегі етіледі. «Ұлты сүю» атты көсемсөзінде: «...Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр... Адамның өмірдегі ісі – алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сыпаты бар: ақыл, сезім, қайрат...Қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек», – деп ұлт пен ұрпақ мәнін жіті айқындайды.

Алайда, ауыл өмірі мен қала тіршілігінде – тарихи сана мен тәлім-тәрбие бағыттарындағы жұмыстар жүйесінде бірізділік байқала бермейді. Әсіресе, жас ұрпақтың жауапкершілік жүгін жеңіл қабылдайтыны, жаңашыл көзқарас, еңбекқорлық пен патриоттық сезімнің төмендігі жіті көрініс береді. Ауыр көрініс, қауіпті құбылыстар қатарына: қылмыс хроникасы, алаяқтық, жемқорлық, нашақорлық, құмар ойынға құштарлық, ішімдікке әуестік, темекі шегу т.с.с. жатқызуға әбден болады. Тіпті, мессенджер топтар, чаттар мен анонимді арналар, интернет-алаяқтар, лудомания (құмар ойынға тәуелділік), қаржы пирамидасы, онлайн-казино, мобильді қосымшалар т.с.с. қатары қалың. Мұның әсер-ықпалынан смартфонға тәуелділік артты. Оқу үдерісі төмендеді. Кітап, газет-журнал оқылмайды. Теледидар қарамайды. Жалпы жұртқа мәлім, алайда жасыруға болмайтын жат құбылыс, теріс бағыт – жас ұрпақ тәрбиесінің бейберекет бағыт алуы мен өзге тілде қарым-қатынасқа түсуі (орыс тілі т.т.) – зардабы ауыр, көлеңкесі мен қатпары қалың, салдары сергелдең, сорақылыққа апаратын «сындарлы соқпақ» екенін жасыру қиянат болар еді. Жүйелі жұмыс, батыл ұстаным, пәрменді әрекет осы тұсқа бағытталуы керек-ақ. Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясының құдіретті қасиеті – жас ұрпақ тәрбиесі мен жат құбылыс пен теріс бағыт-әрекеттерге қайталанбастай тойтарыс беріп, ақжарылқап заманға қол жеткізу. Қысқасы, адам факторына қажетті даму үрдістеріне көлеңке түсіріп келеді. «Ұлтты сүю» миссиясына басымдық берілгенімен, адами асыл мұраттардың бәсі, деңгей-өре төмен, көпшіліктің көңілінен шыға бермейді...

Осы орайда, ұлттық сана – өзекті арна, елдік тәрбие – құндылықтар қайнары екендігі ойға оралады. Ағартушылық бағыт пен пассионарлық рух – ұлт азаттығы, еркін ел дамуының жарқын жолы. Жұрт ісі, ұрпақ болашағы, мәдени-рухани арналар – ұлттық сана мен тәрбие өзегін құрайды. Оның мәнісі: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» (әл-Фараби). Абайға сүйенсек: «...Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды», «Ғылым – алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр», «...Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым». Ақиқатында, арғы тарихта айқындалғанындай: «Адамзатқа қызмет етпейтін білім – қатерлі» (Софокл), «Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді» (Сенека) секілді өмір-тәжірибеден алынған қағидатты ойлар мен толғаныстар жауапкершілік жүгін арттырады. Өмір мәнін, дүние дидарын, тарих тағылымын, дәстүр нәрін, еңбек сипатын, тәлім-тәрбиені барынша дамытып, терең тануға мол мүмкіндіктер ашады. Ендеше, тарихи санасы ашық, тәрбиесі толық ұрпақ – ел мерейі, ұлт жемісі. Жұрт ісінің бастауында – адам мен оның еңбегі, дәстүрі мен танымы, өмір өрнегі тұр. Өйткені, Адам – бәрінен биік!

V. ДҮНИЕ ДИДАРЫ – АДАМ ӘЛЕМІНІҢ АЙНАСЫ

Жер-жаһан көрінісі, дүние дидарының даму үрдістері – қоғамдық құбылыстардан, адам мұраты мен өмір өрнектерінен, әрекет-қимылы мен еңбек болмысынан айқын аңғарылады. Ақиқатында, қоғам дамуынан – заман шындығы, уақыт рухы ғана емес, адам бойындағы артық-кем тұстарды да жіті тануға болады. Елдік ұстаным, ұлттық құндылықтар басым бағыт алғанымен, даму үрдістерін тежеп, кереғар-көлеңкелі көріністердің көз бен көңілге кірбің ұялатын тұстары да жоқ емес. Бастыларын еске түсірсек, алдымен өзге ұлт өкілдерінің саны артып, «еркін-жүрістері» назар аудартпай қоймайды. Мемлекеттік тілді құрметтеу мен қолдану ісі – ойда жоқ, назардан тыс қалған. Бұдан басқа, белі жоқ, балағы қысқа шалбар кигендер, мұрты жоқ сақалы өскендер, құмар ойын мен ішімдік шеккендер, өзге тілге – «күйрік» темекіге үйір жасөспірімдер, ит жетектеп жол бермейтіндер, жол жиегінде, қоқыс маңында жүрген түр-тұрпаты танығысыз «түнгі жолаушылар», үй маңын қазып, тінтіп-түртіп жүрген анашақұмарлар, адамдар арасында бетперде киіп, пәтер тонап, мал ұрлап, жалған ақпарат таратып, алдап-арбайтын алаяқтар тобыры – қылмыс хроникасын еселеп арттырып келеді. Цифрлы технология дамып, камералар бұрыш-бұрышты торлап тұрғанда – құқықтық қағидаттар алға озып, қылмыс саны азайып, жойылу-жоғалу кезеңі-сәті туды емес пе? Керісінше, құқық қорғаушылар мен ұлттық ұланның «үштік тобы» – әлгі атаған «ерекше адамдардың» бірін тоқтатып, келесілерін тергеп-тінтіп тұрғанын көрген ешкім жоқ. Келеңсіз, кереғар һәм оғаш қылықты айтқан адамға: – Суретін түсіріп, кереғар құбылыс, келеңсіз көрініс, күдікті жағдаяттар жөнінде дәйекті сол қалпында теріп-тізіп, куәгерлер қолын жинақтап, хаттап арнайы бөлімге әкеліп беріңдер! – деп жауап береді. Құқық қорғаушы, халық сенім артқан жауапты тұлға-өкілдің уәжі осыған саяды. Әділетті мемлекет құруға қалтқысыз қызмет ететін, Заң мен тәртіп қағидатын, құқық үстемдігін бұлжытпай орындап һәм қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін – халық тірегі мен сенімді сақшысының «бедерлі бейнесі», «толымды тұлғасы», «сүйкімді сиқы» көз алдыңа осындай жайттарды еске түсіреді.

Елдік ұстанымды баянды ету, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтау, тарих пен таным тоғысына адалдық таныту, тәрбие өзегін – даму үрдістеріне айналдыру басты борыш, қасиетті парыз екенін әркім-ақ білгені жөн екені жадымызда жүрсе, нұр үстіне нұр болар еді...

Жарық дүниедегі өлшеулі өмірде – Адамнан асқан ардақты, асқақ та биік, мерейлі не бар екен?..

Аллаға мадақ айтып, Адамға көзқарасты өзгертіп, еңбегін бағалап, өміріне жіті-сергек қарап, құрметті еселеп арттырсақ, бұдан – болашақ айқындалып, ел мерейі есейіп-өсіп, нәтижесінде – Ұлт ұтады!

Адам – бәрінен биік!– екені де осы...

Осындай өрескел ахуалға (өзекті) бірден-бір тежеу-тосқауыл – Көші-қон квотасын арттырып, «Оңтүстіктен – Солтүстікке!», «Серпін», «Дипломмен – ауылға!» атты бағдарламаларға басымдық берілгені жөн. Бұл бағытта ашық Һәм нақты, жүйелі жұмыстар жасалса, тіпті нәтижелі бағдар кең өріс алса, қолдауға әбден болар еді. Бұл жерде – Адам мен оның өмірі, еңбегі бар. Болашаққа бағыт алған іргелі ізденістер, еңбек болмысы, өмір өнегесі, өрнекті өрістер де анық аңғарылады. Ел дамуына сүбелі үлес қосатын елшіл де өршіл жастар рухын да ескерген жөн. Бұдан бөлек, ел дамуында – бірлік-береке тірегі – қоғамдық келісім, жасампаздық-патриоттық ұстаным, халықтық дәстүр, жауапкершілік жүгі мен терең дүниетаным, демографиялық өсім де айрықша орын алатыны жасырын емес. Ендеше, осы жайттардың белортасынан – қоғамның қозғаушы күші, қымбат қазына, интеллектуал тұлға – Адам мен оның өмірін, еңбек болмысын, дәстүр тағылымын, ертеңі ерен, келешегі кемел жасампаз рухты көреміз. Адам – бәрінен биік!– деген елдік ұстанымы осы.

Елдік тарихнамаға ден қойсақ, Сопылық ілімнің жұртқа жеткен төрт бағдары: шариғат, марифат, тағрифат, хақиқат; әл-Фараби ұстанған – парасатты адам ілімі; Қ.А.Ясауидің – Хал ілімі; Ж.Баласағұнның – әділет, құт, ақыл, қанағат; Абайдың – толық адамы; Шәкәрімнің – Ар ілімі алдымен, адам мәнін айқындап, арман-аңсарын, бітім-болмысын, өмір тарихын, дәстүрі мен дүниетанымын, тарным арналарын, тәлім-тәрбиесі, тұрмыс-тіршілігін кеңінен көрсетеді. Осының бәрі-баршасынан – Адам капиталының мән-маңызы, өмірі мен еңбегі, дәстүрлі құндылықтары мен құқықтары, ар-намысы мен қадір-қасиеті, әрекет-қимылы мен көзқарас жүйесі, адамгершілігі мен жауапкершілігі, қанағат, сабыр Һәм ұяты, бастысы, Ұлы даланың тарихи сабақтастығы мен қазіргі кезеңнің стратегиялық бағыт-бағдары айқын аңғарылады. Нәтижесінде, Адам – бәрінен биік! айбынды да асқақ миссия, тұғырлы ұстаным екені жіті танылып, кең көлемде көрініс береді.

Түйінді тұста айтарымыз, сөз басын: Адам – бәрінен биік!– деп бастадық. Адамзат қоғамы, цифрлық даму үдерістері, жасанды интеллект иірімі, дрондар нарығы – Адам өмірі мен ақыл-ой еңбегін, руханияттың барша игілік-мүмкіндіктерін бәрінен жоғары қояды. Қоғам байлығы – Адам десек, оның өмірі мен еңбегі, ақыл-парасаты, әрекет-қимылы, бәрі-баршасы жаһандық құбылысқа, даму үрдістеріне әсер-ықпал етеді. Адам – әлемнің әміршісіне айналып, оның өмірі мен еңбегі, білім-білігі, дәстүр-дүниетанымы зайырлылық-зияткерлік негізінде бәрінен биік сатыға көтерілді. Жаңа технология, цифрлық даму, жасанды интеллект – адам әлеміне еркін енді. Адам мұраты, адамгершілік өлшем, жасампаздық рух, ізгілік иірімі – ақыл-ой, терең таным, интеллектуалдық талғам іргелі ізденістерге негізделгендіктен, сөз жоқ басым бағыттарымен, көшбасшылық қырларымен алда тұруы тиіс. – Адам – бәрінен биік! – деген аксиомалық қағидат алыс-жақынға да, үлкен-кішіге де түсінікті болғандықтан, өмір шындығына айналды.

Біздіңше, Адам – бәрінен биік! – деген жәй сөз емес. Адамзат тарихнамасында – Адамның пайда болуы, өмірмен, еңбекпен байланысы, ақыл-парасатқа, білім-ғылымға, дәстүр мен дүниетанымға қатысы, есею-өсіп жетілуі жөнінде мысал-дереккөздері жетерлік. Елдік ұстаным, қоғамдық келісім, адалдық пен жауапкершілік, ар-иман, намыс-ұят, құқықтық дәстүр мен мәдениет мәйегінде – «Қасым ханның – қасқа жолы», «Есім ханның – ескі жолы», Тәуке ханның – «Жеті жарғысы» айрықша маңызмәнге ие болған-ды. Халық әдебиетінде, әсіресе айтыс өнері мен батырлар жырында, би-шешендер сөздерінде елдік ұстаным, халықтық қағидаттар кең орын алды. Бастысы, азаттың миссиясы, адам капиталы, еңбек болмысы мен өмір өрнектері, елдік-ерлік шежіресі, дәстүр мен дүниетаным басым бағыттарға ие болды. Ұлы даланың тұғырлы тірегі: Адам – бәрінен биік! – деген миссия жоғары тұрды.

Сөз жүйесінің баяны, қоғамның басты байлығы – Адам мен оның өмір тарихы, еңбек болмысы һәм оның даму үдерістеріне қатысты түйін-тұжырымдар мәні төмендегідей қорытындыға әкеліп саяды:

– Көк пен Жердің арасындағы жетістіктер мен құндылықтар мәні – Адамның іргелі ізденістері мен жүйелі әрекет-қимылы, білім-білігі мен ақыл-парасатының жемісі;

– Жер планетасындағы әлемнің әміршісі, қоғамның қожасы һәм басты құндылығы – Адам мен оның еңбегі, білім-білігі, ақыл-парасаты, дәстүр тағылымы, өмір тарихы, тәрбие-тәлімі, тұрмыс-тіршілігі – бәрінен биік, барлық мадаққа әбден лайықты екені анық;

– Ақпарат ағыны, цифрландыру үдерісі, жасанды интеллект иірімі – Адам еңбегінің, дәстүрі мен дүниетанымының, өмір тарихы мен тәжірибе тәлімінің көрнекті көрсеткіші;

– Білім-ғылым һәм технология жетістіктері – Адам арман-аңсарының, мақсат-мұраттарының байтақ әлемін, білім-ғылымның, тарих пен танымның, жүйелі ізденіс-еңбектің нәтижесін көрсетеді.

Мұның өзі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап айтқанындай: «...Адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық», «...Адал азамат дегеніміз – елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат», «...Қазіргі қоғам өмірінде «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидаттың өзектілігі арты. Сондықтан жаңа Конституцияның бойынан осы ұстаным анық аңғарылады» (Кітапта: Әділетті қоғамға – шыншыл сөз. – Астана: Фолиант, 2026.– 28, 30, 56-беттер).

Байқалғаны, дүние дидарында, жаһанда, шартарап шарайнасында – Адам мен оның өмірі, еңбек болмысы, ақыл-парасаты, білім-білігі, тарих пен таным жүйесі, отан мен отбасы институттары, бәрі-баршасы адамзаттың қымбат қазынасы, қоғамның қозғаушы күші, даму үдерістерінің барометрі болғанын тамыршыдай тап басып көрсетеді. Ел дамуы мен мемлекеттің өркениет өріс-терінен: Әділетті Қазақстанның басты байлығы – Адам мен оның өмірі, бостандығы мен құқықтары, Заң мен тәртіп қағидаттары Жаңа конституциясы арқылы да айқындалды. Заңгер А.Қоспанов айтқандай: «...Заңға құрметің алдымен отбасында қалыптасады. Баланың үлкенді сыйлауы, үәдеде тұруы, өзгенің құқығын құрметтеуі – құқықтық мәдениеттің алғашқы баспалдағы. Осы тәрбиені балабақша мен мектеп жалғастырып, азаматтық жауапкершілікке ұластыруға тиіс» («Егемен Қазақстан», 2026, 14 тамыз). Адам мен оның өмірі, еңбегі мен құқықтары – басты байлық, қымбат қазына, әрі құрметтің қандайына да әбден лайықты болып табылады. Адамзат тарихнамасында, жылнама шежіресінде – Адам ардақты! Даңқ тұғырындағы орын – Адамға арналады! Демек, Адам – бәрінен биік! өлшем екені анық.

Қазіргі кезеңнің айдай анық ақиқаты, шынайы шындығы осы.

ІНКӘРЛІК



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Ет жүрек өрекпиді, алқынады...
Көңілдің жақсы-ау, шіркін,
шалқығаны!
Атым озып атынан өзгелердің,
Болады тарқағандай жан құмары.

Шашылған қардан шашу айналаға,
Жүргендей үміт ұшып айналамда.
Жастықтың үлпілдеген мамығындай,
Келеді қалқып кеткім айдалаға...

Көңілдің жақсы-ау, шіркін,
шалқығаны,
Үш жүз алпыс тамырдың
балқығаны.
Жанымды періштедей ән-күй тербеп,
Жүрегім бір биікке талпынады.

Жыр әлемінде өзіндік орны бар тараздық ақын Айша Көпжасарованың есімін өлең сүйетін оқырман ағайын жақсы біледі. Әсемдікке, сұлулыққа құштар ақын жарты ғасырдан бері табиғатты, туған жерді, махаббат пен адамзат бойындағы ізгілік пен жақсылықты жырлап келеді. Айшаның өлеңдері философиялық ой түйінімен, айшықты тілімен ерекшеленеді. Өмірден көңілге түйгенін, аумалы-төкпелі ой-сезімдерін өлең шумақтарымен құндақтаған ақын әйелдің үнемі ізденісте екендігі, үнемі уақыт тынысымен үндесіп жататыны оқырманын бей-жай қалдырмайды.

«Тереңнен тартқан тектілік» демекші, Айшаның әкесі Жұмағұл мен анасы Қанымкүл елінің елеулісіне, халқының қалаулысына айналған ұлағатты жандар болатын. Жеміс дәні құнарлы топырақта ғана өсіп-өнбей ме? Анасы Қанымкүл мен жырау әкесі Жұмағұлдан қазақтың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырларын, халық әндерін сүйсіне тыңдап, өнердің кәусар бұлағынан сусындап өскен Айшаның жүрегінде өлеңге деген құштарлық ерте оянды.

Өлең әлеміне қадам басқан ақын қыздың тырнақ алды өлеңі 1959 жылы Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде жарияланып, бір талантты жас ақынның есімі жарқ етіп, жыр сүйетін қауымның назарына ілінді. Айша Көпжасарованың өлең өлкесіндегі саяхаты «Шұғыла» атты кітабынан басталып, әр жылдары «Жаз келеді», «Бақытым менің», «Соңғы соқпақтар», «Тал бесігім – Таразым», «Ақшуақ» атты жыр жинақтары жарық көріп, айтулы туындылар өзінің лайықты бағасын алды.

Тараздық белгілі жазушы Әлдихан Қалдыбаев «Ақын Айша Көпжасарованың өлеңі де өзі секілді келісті, көркем. Қай туындысынан болса да жайдары жаз лебі есіп, мәңгілік өмір симфониясындай жаныңды баурап, жүректерге сұлу сезімдердің сыңғыр-сыңғыр керуен көші болып жол тартып жатады», – деп кезінде тебірене қалам тартып, үлкен баға берді.

– Айша Көпжасарова – лирик ақын, ол ішкі сезімін шынайылығымен, философиялық ой-толғауларымен оқырманын өзіне баурайды, жырсүйер қауымның жүрегін жылылыққа бөлейді.

Өлең деген құдірет қара тасты жарып шыққан гүлдей қылтиып, қапасқа түскен сәуледей сыналап, тірлігінің қылта тұсынан, жан түбінен жағаласып туады екен, келеді екен өмірге, – деп күні кеше ғана мына фәни өмірден озған қазақтың талантты ақыны, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Күләш Ахметова Айшаның шығармашылық ізденісіне үлкен баға берді.

Кезінде көрнекті ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұманбай Молдағалиев, тараздық ақын Жақсылық Сәттібеков, жазушы Елен Әлімжанов ақын Айша Көпжасарованың поэзиясына жүрек жарды лебіздер айтты.

Бүкіл түркі дүниесі бас иіп, тағзым ететін Айша-Бибінің кесенесі мен көне Тараз қаласының арасы ат шаптырым жер. Айшаның қолы қалт етіп босай қалса, жақын адамдарымен бірге қасиетті кесенеге асығады. Оның өзіндік тарихы бар. Анасы марқұм: «Әкең екеуміз Жамбыл қаласынан Айша-Бибінің басына арбамен барып, жақсылық пен ізгілікті ырым етіп, әулие жанның бейітіне түнеп, көзіміздің моншағын төгіп жүріп, сені Құдайдан сұрап алған перзентіміссің. Сен дүниеге іңгәлап келгенде Айша-Бибідей сұлу, парасатты, гүлдей нәзік, тастай берік болсын деп атыңды Айша қойғамыз» деп отырушы еді.

Ақын Айша үшін махаббаттың киесіне айналған Айша-Бибінің есімі әрқашан да қастерлі де қасиетті.

Таразым – жайлы мекен асқарлы,
Қасиетіне бас иген жас та, кәрі, –

деп ақынның өзі жырлағандай, екі мың жылдан астам тарихы бар көне де мәңгі жас Тараз қаласы ақын Айша үшін әрқашан да ерекше ыстық, әрі қымбат. Ол гүл мен жасыл желекке оранған осы әсем қалада дүниеге келді. Мектеп бітіріп, өмірге деген алғашқы қадамдары да осы қалада басталды, жастық шағы Таразда өтті. Алматыдағы Қазақ Ұлттық университетінің тіл және әдебиет факультетін бітіріп, жиырма жылдай ұстаздық етті. Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде, облыстық Абай атындағы Қазақ драма театрында жемісті еңбек атқарды. Қам-қауырт тіршіліктен қолы босай қалса, қолына қалам алып өлең жазудан еш жалыққан емес. Айшаның жырлары мейлінше нәзік, назды, сыршыл, адам жанын сұлулыққа, биік адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелейтін қыры мен сыры терең өлеңдер болып келеді.

«Дұшпаным жоқ дәл сендей
досым барда,
Етемін шүкіршілік осыған да.
Жалыны іштің басылып,
жан жадырар,
Басымыз екеуміздің қосылғанда.

Тілейсің бақытымның баяндысын,
Нәзігім-ау, сонымен аяулысың.
Күзеткен тыныштымды сақшыдайын,
Сен маған тым ыстықсың,
алау мүсін», –

деп жырлайды Айша Көпжасарова.

Кіршіксіз таза көңіл ақын жүрегі ақ ниет асыл досына ақтарылып, шын қуанады. Өзі ғана сүйсініп қоймай, оқырманын да риза етіп, шаттандырады. Қиыншылығы мол, қарбалас тіршілікте қолтығынан сүйер дос болғанға не жетсін!

Айша ақын әрдайым ізденіс үстінде жүреді. Ол алғашқы өлең жинақтарында ана, бала, сүйген жар, өскен орта туралы жырласа, соңғы кездері Отан, ұлт, тәуелсіздік тақырыптарына қалам тартып, шығармашылығы тереңдей түсті, байсалдана түсті.

Қазіргі Айша өлеңдері өзінше ойланумен, шарттылықтарға ұрынбауымен, табиғилығымен қызықтырады. Айша өлеңінің сыртын, түрін қызықтамай, ішін бағады, топырлап келген теңеулерін тоқтатпай төгеді, оқыған жан бір керегін алар дейді. Онысы орайына келіп те жатады. Қанша кеш бастады дегеннің өзінде, Айшаның өлең көшіне өз ілуін ілгені де ширек ғасырдай болып қалыпты. Өнерпазға өлермендік керек. Ол – еңбек. Ол – ізденіс. Ол – төзім. Ол – нәтиже.

Жылдар озсын,
Көкжиегің кеңісін.
Өмір – күрес, арта берсін жемісің!
Борышы адам – ақтап кету емес пе,
Дүниеге келгендігің не үшін? –

деп ақын Айша Көпжасарованың өзі жырлағандай, бір қолымен бесік тербеген, енді бір қолымен жыр тербеген ақын ана биыл 85 жасқа толып отыр. Бұл – өмірдің үлкен белесі.

Ана, жар, ақын ретінде Айша адамзат баласының асқар шыңы саналатын 85 жастың биік тұғырынан көріне білді. Оған Айшаның мына бір ойға толы өлеңдері жауап беріп тұрғандай:

Ерттеп ұшқыр уақытты,
Қай белеске жеттік біз.
Таппақ болып бақытты,
Неше өткелден өттік біз.

Қайғыны да қақ бөлдік,
Жүрекке жеңіл болсын деп.
Аязды бойға шақ көрдік,
Қанағат аулы қонсын деп.

Кітаппенен суарып,
Гүл өсірдік көңілге.
Отырушы ек қуанып,
Өлең келсе өмірге...

Аналық, парасаттылық жолмен сапар шеккен ақынның бақыты баянды болып, өлең-жырдың жұлдызы жоғарыдан жарқырап, айналасына нұрлы шұғыласын шаша берсін демекпіз.

● АҚЫН АЙША КӨПЖАСАРОВА – 85 ЖАСТА



Ақын жүрегі соға алмайды жай ғана

ТАУДА

Тау өзені долы ағыспен ағады,
Қарлығашы жаймен қанат қағады.
Жалғыз ғана менің асау жүрегім
Ауық-ауық діріл қағып қалады.

Самал желдің алақаны аялы
Сәмбі талды ақ бетіме таяды.
Бір қарасаң – тапжылмайтын дүниең
Жанарымда төңкеріліп барады.

Тентек толқын жар-жағаны сабайды,
Бұйра жалдар жылтыр тасты жалайды.
Таудан-тасқа секірінген күміс су
Мақтанышпен жалт-жұлт етіп қарайды.

Жұлқар ағыс өзен шашын тарайды,
Шаршамайды, жаны соны қалайды.
Сұлулықтан алабұртқан жүрегім
Жарылмаса, жарылмаса, жарайды!

ҚҰМ

Құм ішінде, қызығы,
Шаң жұқпайды жұлыққа.
Өбіп күннің қызуы
Мызғы, мейлің, ұйықта.

Сусылдайды қызыл құм
Демі – жалын, от құшақ.
Миллион сәуле қызғылтым
Бастырмайды шоққа ұқсап.

Қызыл тер боп ентігіп,
Кірсең жыңғыл ішіне.
Құм қарбызы бір тілік
Күш қосады күшіңе.

АРУ КӨКТЕМ

Ақ таңдарын атырып,
Көктем шықты жадырап.
Қиялға мені батырып,
Құлпырды аймақ атырап.

Жұмсарып ауа, имани
Жылы демі сезіліп,
Қыс кеттіге иланып,
Елжіреймін езіліп.

Ақ көгершін ұшырып,
Көңілімнің көгінен.
Санаға сәуле түсіріп,
Жапырақтай төгілем.

Ағаштың жасыл бүртігі
Қуаныш сыйлап құлпырған.
Қолға суық біртүрлі
Қалған шөптер былтырдан.

Күй кернесе керегем
Шаттыққа толар шаңырақ.
Кіргізіп құт пен береке,
Нұр себелер жарылқап.

Жүрегін жұрттың жаулаған,
Өзіне көктем ашық қып.
Арудан, әсте, аумаған
Жігітті қояр ғашық қып.

ОҢТҮСТІКТІҢ АДАМЫ

Қаймағы бұзылмаған қазақылық,
Әдебіңді жіберген ғажап қылып.
Сөйлеуің өзімсініп қарапайым
Жасанды мінезден тұр азат қылып.

Қарақат қарашыққа мөлдіреген
Қойғандай біреу жазып өндір өлең.
Қараған ішке тарта көздеріңнің
Тереңінен тұнық бір көлді көрем.

Күн көңілді көтерер шуағымен,
Жаз күлкің жадыратып, жуады рең.
Еңбекқорсың, ақпейіл және мәртсің
Айттың – бітті, уәдеде тұра білген.

Ел десе елпең қағып қуанасың,
Той жасап беретіндей ұлан-асыр.
Бас та өзің, батыр да өзің боп кетесің
Ұлт десе – Рухы биік, шыдамасым!

Тұр сенің ізетіңде тектілігің,
Байқалып әр ісіңненептілігің.
Жерің ыстық, жүрегің одан да ыстық,
Жомартым жаны жайсаң деп білемін!

Ашып тастап таңғы ауаға әйнекті,
Ақ самалға сипатамын ай бетті.
Бойды билеп іңкәр сезім шуағы,
Мазасы жоқ, көңілімді жайлы етті.

Көңіл өссе, түрленбесін қай көрік,
Қызғалдағын қырға шашты май келіп.
Мөлдір аспан, жасыл бақта, шуақта,
Жұқарады, жойылады қайғы өліп.

Қызыл-жасыл гүлге толсын айнала,
Аймалашы, жібек желім, аймала!
Сұлулыққа сыр алдырмай, сұқтанбай,
Ақын жүрек соға алмайды жай ғана.

* * *

Өзге талап – пенделік,
Өзіме де, Сізге де,
Ақ сезімнен кенде боп,
Төте жолды іздеме.

Өмір рас, мазмұнды,
Жұлдыз – үміт ақталса.
Арманы мол аз күнде,
Бақыт қанша, бақ қанша!

Сезімді ақыл меңгеріп,
Етсін арың төрелік.
Шешімін сана жөн көріп,
Үкіміне көнелік.

ҚАРТТЫҚ

Асылымды тоздырып,
асқағымды кішірткен,
Жан-дүниемді тоңдырып,
пәк сезімді үсіткен.
Соқпағымен қарттықтың
жаяулап жүріп келемін,
Құйғытып шапқан жастықтың
құлагерінен түсіп мен.

Көңіл шіркін құйқылжып, айбаттанып,
Жүрмін мен жар-жағада, қайраттанып...
Көк езу боп көпірген өзен-судың
Құлақ жарар гүрілі аймақты алып

Жылдар мүжіп,
Жартастың түбі қалған.
Бұлт бүркеді шың басын, түрін алған.
Суға келген сұлудай ертелетіп,
Жалғыз қайың жағада тұр бұралған.

ҚАЙРАУ

Кімге өкпелеп,
Кімнен қалды көңілім?!
Күзі жетіп,
Сиқы кеткен өңімнің.
Батырым да, батылым да – бір жүрек
Қан жылатқан,
Зар жылатқан оны кім?

Қайрат, сенім – тіреуші еді, жебеуші,
Ақыл – санам жүрегіме демеуші.
Сыр береді жүйке құрғыр дызылдап,
Оңайлықпен жеңілемін демеуші ем.

Жалғыз сөзде бар жамандық тұрғандай,
«Жоқпен» бітсе – бар тіршілік тынғандай.
Түңілер ем жұлдыз – үміт болмаса,
Түңілер ем атпаса таң ақ маңдай.

Босағанда бодандықтан Ел бүгін,
Есі кіріп, тойлап жатса елдігін.
Жұмыр басым бақ күтеді ғайыптан,
Заңдылыққа сайып жүрек ентігін.

«Бір тоқтығы болады бір аштықтың»,
Таусылмасын төзім атты хас мықтым.
Қастерлеуді, қадірлеуді үйретер
Өмір нәрін – бір түйірін астықтың.

Мақсат үлкен, арман – биік жетем бе?
Күлкі болмай ағайынға, шет елге.
Тізгін ұстар әлде білек әлсіз боп,
Қиялымды шығара ма бекерге?!

Қинап жатқан кезең мынау өтпелі,
Нарық болып қысады қос өкпені.
Бітеп тыныс, тарылтып тұр кеудені
Жазирамда жетіспей сәл «оттегі»...

* * *

Күні-түн шаршап жүрем ой қажытып
Орындалмай жатады ойдағым түк.
Сорпасы үш қайнаса қосылмайтын,
Әкетер несібемді қайдағы ұтып.

Жоғалтып шын күлкіні алдым білем,
Сатып алған күлкідей әрең күлем.
Тұрғандай суық ұрып тап іргеден,
Маңайымды пайлаймын алдыменен.

Мінезсіз тумысымнан үндемеспін
Өз-өзіммен бұл үшін мың егестім.
«Жұлқынбасам-басқан зіл батырады
Тілсіз қалсам, ендеше, тірі емеспін!..» –

Деймін-дағы өзімше жігерленіп,
Көтерем көнбістіктен жүрек жеріп,
Қамқоршыл анаға тән ақ көңілмен
Шашылған мейір тасып жүрем теріп.

ҒАЛЫМДАР ЖЕРДІҢ ПІШІНІ ӨЗГЕРІП ЖАТҚАНЫН АНЫҚТАДЫ

Зерттеуші бұл үдерістің негізгі себептерінің бірі ретінде Гренландия мен Антарктидадағы мұз жамылғысының еруін қарастырады.



Грек ғалымы Жердің пішінінде елеулі геофизикалық өзгерістер болып жатқанын анықтады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, Жердің экватор маңындағы аймақтары біртіндеп төмендеп, полюстерге жақын өңірлер көтеріліп келеді.

Грек геологы Кристофер Коцакистің зерттеу нәтижелері Journal of Geophysical Research: Solid Earth ғылыми журналында жарияланған.

Ғалымның деректеріне сәйкес, соңғы жиырма жылға жетпейтін кезеңде полярлық аймақтардың көтерілу жылдамдығы шамамен екі есеге артқан. Бұған дейін Жер қыртысының көтерілу қарқыны жылына шамамен 0,5 миллиметр болса, қазір бұл көрсеткіш 1 миллиметрге жуықтаған.

Зерттеуші бұл үдерістің негізгі себептерінің бірі ретінде Гренландия мен Антарктидадағы мұз жамылғысының еруін қарастырады.

Мұздықтар еріген кезде Жер қыртысына түсетін қысым азаяды. Соның нәтижесінде мұздан босаған аймақтар біртіндеп қайта көтеріле бастайды. Ал еріген мұздан пайда болған су мұхиттарға құйылып, мұхиттардағы су массасын арттырады. Бұл өз кезегінде мұхит түбіне түсетін қысымның күшеюіне және оның төмен қарай деформациялануына әкеледі.

Ғалымның бағалауынша, Жердің әртүрлі бөліктеріндегі бұл қарама-қарсы қозғалыстар планетаның жалпы пішінінің өзгеруіне әсер етеді. Сонымен қатар аталған құбылыс Жердің полюстер тұсында біршама сығылыңқы пішінінің азаюымен үйлеседі.

Яғни Жердің пішіні біртұтас дене ретінде өзгермей жатқан жоқ: планетаның қатты қабығының әртүрлі бөліктері геофизикалық үдерістердің әсерінен әр бағытта қозғалып, оның жалпы геометриялық пішініне ықпал етеді.

САЛЫҚ БЕРЕШЕГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰҒЫМДАР

Бересі – белгіленген мерзімде төленбеген, есептелген және бюджетке төленуге жататын салықтар мен төлемдердің, сондай-ақ олар бойынша аванстық және ағымдағы төлемдердің сомалары. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген және оған шағым жасау кезеңіндегі даулы бөліктегі сомалар бересіге жатқызылмайды.

Өсімпұл – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің *(бұдан әрі – Ұлттық Банк)* әрбір кешіктірілген күнге қолданыста болған базалық мөлшерлемесіне еселік мөлшерде есептелетін ақша сомасы.

Өсімпұл салық төлеуші (салық агенті) белгіленген мерзімде төлемеген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің, оның ішінде аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің сомасына салық міндеттемесін орындау мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап бюджетке төленген күнді қоса есептегенде есептеледі.

Сондай-ақ салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша салық органы есепке жатқызу және (немесе) қайтару мерзімдерін бұзған жағдайда, төленген және (немесе) артық төленген салықтың, бюджетке төленген төлемнің және (немесе) қосылған құн салығының асып кеткен сомасына есепке жатқызу және (немесе) қайтару мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап қайтарылған күнді қоса есептегенде өсімпұл есептеледі.

Осы тармақшада көзделген Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне еселік мөлшер:

- 0,65 – көлденең мониторингке қатысушылар үшін;
- 1,25 – өзге де салық төлеушілер (салық агенттері) үшін белгіленеді.

Салық берешегі – бересі, төленбеген өсімпұлдар мен айыппұлдардың сомасы.

Салық берешегіне салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген өсімпұл сомасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасау кезеңінде даулы бөліктегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыда көрсетілген айыппұл сомасы енгізілмейді.

Салық берешегінің шекті мөлшері – уәкілетті орган айқындайтын салық берешегінің мөлшері. Осы мөлшерден асқан жағдайда салық органы заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын бейрезидентке, дара кәсіпкерге және жекеше практикамен айналысатын тұлғаға қатысты салық міндеттемесін қамтамасыз ету тәсілдерін және (немесе) салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

Салық берешегінің шекті мөлшері салық міндеттемесін қамтамасыз етудің әрбір тәсілі және (немесе) салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың әрбір шарасы бойынша тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің кемінде 20 еселенген мөлшерінде жеке-жеке айқындалады.

Сабит ДОСБОЛОВ,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Өндіріп алу бөлімінің бас маманы

ӘРЕКЕТ ЕТПЕЙТІН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ТІЗІЛІМІ

1. Салық органы әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімін жүргізеді.

Әрекет етпейтін салық төлеушілер тізіліміне соңғы салықтық есептілікті ұсынғаннан кейін он екі ай ішінде салықтық есептілікті дербес ұсынбаған салық төлеуші енгізіледі.

108-баптың ережелері осы Кодексте сәйкес салықтық есептілік ұсынуды тоқтата тұрған салық төлеушілерді қоспағанда, резидент-заңды тұлғаға, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға немесе құрылымдық бөлімшеге, дара кәсіпкерге қатысты қолданылады.

2. Салық органы жыл сайын 30 сәуірден кешіктірмей салық төлеушіні әрекет етпейтін салық төлеушілер тізіліміне енгізу туралы шешім шығарады.

Әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында осындай шешім шығарылған күннен кешіктірілмей орналастырылады.



3. Салық төлеуші салықтық есептілігі нөлдік көрсеткіштермен ұсынылған деп автоматты түрде танылған салықтық кезең үшін қосымша салықтық есептілікті ұсынған кезде әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімінен шығарылады.

Салық органының әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімінен шығару туралы шешімін салық органы қосымша салықтық есептілік ұсынылған күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.

Әрекет етпейтін салық төлеушілердің жаңартылған тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында салық органы салық төлеушіні әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімінен шығару туралы шешім шығарған күннен кешіктірілмей орналастырылады.

4. Салық төлеушіні нөмірлер тізілімінен алып тастаған немесе дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарған жағдайда мұндай салық төлеушілер бір мезгілде әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімінен шығарылады.

Н. ҚАДЫР,
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы

СТУДЕНТТЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІК

Қазіргі таңда азаматтардың, оның ішінде студенттердің оқуымен қатар еңбек қызметін жүзеге асырып, қосымша табыс табуы кеңінен таралған. Осыған байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың салықтық және әлеуметтік міндеттемелерін дұрыс орындауы маңызды.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға қызметін заңды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы режим қарастырылған. Бұл ретте азаматтардың белгілі бір санаттарына әлеуметтік төлемдер бойынша жеңілдіктер көзделген.

Атап айтқанда, күндізгі оқу нысанында білім алатын студенттер әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылады.

Бұл норма студенттердің оқу процесіне кедергі келтірмей, еңбек қызметін жүзеге асырып, заңды түрде табыс табуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Мысалы, күндізгі бөлімде білім алатын студент репетиторлық қызмет көрсету, курьерлік қызмет атқару, фриланс немесе басқа да рұқсат етілген қызмет түрлері арқылы табыс табуы мүмкін. Мұндай жағдайда студент өзінің оқу мәртебесін тиісті ақпараттық жүйеде көрсетуі қажет.

Күндізгі оқу нысанында білім алатын студенттерге берілетін жеңілдікті қолдану үшін **e-Salyq Business** мобильді қосымшасында тиісті санатты көрсету қажет. Қажет болған жағдайда азаматтан оқу орнынан оның күндізгі бөлімде білім алатынын растайтын құжат сұралуы мүмкін.

Салық төлеушілерге өздерінің деректерін ақпараттық жүйелерде уақытылы жаңартып отыру ұсынылады. Егер әлеуметтік төлемдер есептеліп кеткен жағдайда, азамат өзінің студент мәртебесін растайтын құжаттарымен тиісті мемлекеттік кірістер органына жүгініп, жағдайды нақтылай алады.

Бұл ретте студенттің жеңілдікке құқығы оның **күндізгі оқу нысанында білім алуына** байланысты екенін атап өткен жөн. Сондықтан әрбір азамат өзінің мәртебесін және қолданылатын салық салу тәртібін алдын ала нақтылауы қажет.

Мемлекеттік кірістер органдары азаматтарға салықтық міндеттемелерді орындау кезінде заңнама талаптарын сақтауды және ресми ақпарат көздеріндегі түсіндірмелерді басшылыққа алуды ұсынады.

Өзін-өзі жұмыспен қамту қызметін заңдастыру – азаматтың өз табысын ашық көрсетуіне және белгіленген тәртіп бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік береді. Ал студенттер үшін қарастырылған әлеуметтік төлемдер бойынша жеңілдік оқу мен еңбек қызметін қатар алып жүруге қосымша қолдау болып табылады.

Зейнолла РЫСБАЕВ,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2026-2027 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Астана қаласы тілшілер қосынының жетекшісі:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі
(Түркия)

Балжан АРИНОВА
(Астана қаласы мен Ақмола облысы)

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2097.

Адамның ғұмыры да ән секілді. Бір сәті – қуаныш, бір сәті – өкініш, бір тұсы – сағыныш, енді бір кезеңі – орындалған арман. Уақыт алға жылжыған сайын кешегі күннің әуені алыстай береді. Бірақ сол өмірдің кейбір сәттері әнге айналса, адамның өзінен кейін де қалуы мүмкін. Өйткені әннің ғұмыры – оны шығарған адамның ғұмырынан бөлек. Оны біреу тыңдайды, біреу айтады, біреу өз басынан өткендей қабылдайды. Осылайша бір адамның жүрегінен шыққан әуен көптің көңіліне көшеді. Өзің жалғыз отырып шығарған әуеннің бір күні елдің ортақ әуеніне айналғанын сезіну бақыт емес пе? Әсіресе, оны өзің емес, ел сүйіп тыңдайтын үлкен өнер иесі орындаса, автор үшін оның бағасы тіпті бөлек.



Өтуде күн, түніміз,
Не білеміз, білмейміз.
Жанды тербеп сырымыз,
Бір арманды іздейміз.
(«Қуаныш пен өкініш» әнінен.)

«Өлмейтін ән қалдырғым келеді»

Қазақ эстрадасының жарық жұлдызы, халық әртісі Мақпал Жүнісованың орындауындағы «Қуаныш пен өкініш» әні де осындай жолдан өтті. Әннің әуені мен сөзі тыңдарманға жетіп, талай жүрекке жол тапты. Бірақ көп жағдайда біз сахнадағы орындаушыны танимыз да, сол әннің ар жағында тұрған авторға үңіле бермейміз. Әнді жаттап аламыз, бірге айтамыз, көңілге жақын тұсын іздейміз. Ал оның қалай туғанын, қандай сезімнен шыққанын, автордың сол әуенге қандай ғұмырын сыйлағанын біле бермейміз.

Композитор Еркін Тоқсейітов... Жұртшылық бұл талант иесін білмейді деп айта алмаймыз. Біледі. Әсіресе, аға, орта буын өкілдері оның шығармашылығынан жақсы хабардар. Еркін Тоқсейітовтің әндерін алғашында авторымен бірге емес, әуенімен таныдым. Бір әнін естідім, бір әнін Мақпал Жүнісованың орындауынан тыңдадым. Кейін әннің артындағы есімге назар аударғанда, жүзден астам шығарма жазған композитордың тұтас бір шығармашылық әлемі бар екенін аңғардым. Оның әндерінде туған жердің топырағы да, достықтың қадірі де, отбасының жылуы да, адамның ішкі толғанысы да бар екен. Бұл мақаланы жазуға ең алғаш түрткі болған Еуразия ұлттық университетінің профессоры, өзімнің ұстазым Мұратбек Тоқтағазин еді. Осыдан төрт ай бұрын маған айтқан сәлемінде: "Асыл шәкіртім. Ұсыныс бар. Алматыда Тарбағатайдың табиғи таланты Еркін Тоқсейітов дейтін композитор ағаң бар, сол ағаңнан ақпар алып материал жазсаң" – деп жазыпты. Міне, ой, мәтін арқауы осы.

Еркін Тоқсейітовтің композиторлық жолы қалыпты қалыптан басталған жоқ. Музыка мамандығын арнайы оқып, нотаның тілін бала күнінен меңгерген кәсіби маман емес. Әуенді алдымен жүрегімен сезініп, кейін өзіне сенуді үйренген жан. Жеті-сегіз жасынан ән шығара бастағанымен, ұзақ жыл бойы өзін «композитормын» деп атауға именді. «Нота білмейсің, нота танымайсың... сен қайдағы композиторсың?» деген ішкі күдік оның шығармашылық жолына талай жыл көлеңке түсірді. Бұл күдіктің тамыры оның балалық шағына дейін барады. 1975 жылы Аягөз ауданының Тарбағатай ауылында дүниеге келген Еркін Тоқсейітов үшін туған жер – өмірбаяндағы бір жол ғана емес, шығармашылығының өзегіне айналған мекен. Балалық шағы, достары, алғашқы әуендері, азамат болып қалыптасқан кезеңі – бәрі сол ауылмен сабақтас. Өзі де балалық шақты адам өміріндегі ең жылы әрі ең есте қаларлық кезеңдердің бірі деп бағалайды. Бәлкім, содан болар, жылдар өткен сайын алыстаған ауыл оған сағыныш болып оралып, кейін әнге айналады.

«Ауылға келші» әнінің дүниеге келуі де осындай сезімнен туған. Адам туған жерден алыстаған сайын оның қадірін тереңірек сезінетіндей. Бала күнгі көшелер, бірге өскен достар, ауылдың таныс тіршілігі – бәрі уақыт өте келе естелікке айналады. Ал Еркін аға сол естелікті сөзбен емес, әуенмен жеткізуді таңдаған.

Оның бала күнгі достарының арасында кейін өнер жолына түскендер аз емес. Ақын Серікзат Дүйсенғазинмен де, Асхат Сүйіндіковпен де бала күннен бірге өсті. Бір сыныпта оқыған төрт ұлдың екеуі ақын, екеуі композитор болды. Олардың арасындағы достық уақыт өте келе шығармашылық серіктестікке де ұласты. Бүгінде Еркін Тоқсейітовтің көптеген әнінің мәтінін жазған ақындардың бірі – осы Асхат Сүйіндіков. Өнердегі алғашқы қадамдарына қарасақ, Еркін Тоқсейітов ән шығаруды арнайы жоспарлап бастаған адам емес. Әуен оның өмірінің әр кезеңінде көңіл күймен бірге туған. Өзі айтқандай, ән күн сайын міндетті түрде жазыла бермейді. Бірде адамның көңілі толқиды, бірде қуанады, бірде біреуді сағынады, енді бірде өмірдегі қандай да бір жағдай жүрекке із қалдырады. Сол сәттердің бірі кейін әуен болып оралады. Көп жағдайда әуеннен бұрын сөз іздейді. Өзіне жақын, сол кездегі көңіл күйіне сәйкес келетін өлеңді тапқанда ғана әуен туады. Сондықтан оның әндерінің тарихына үңілсеңіз, әрқайсысының артында жеке бір оқиға тұрғанын байқайсыз. Мәселен, «Жан жарым» әнінің тууына қарапайым ғана телефон қоңырауы себеп болған. Бірде ол алма бағында жүрген кезінде қызы телефон соғып, анасының жедел жәрдеммен алып кетіп бара жатқанын айтқан. Сол сәтте көз алдына жары елестеп, көңіліндегі толқыныс әуенге айналған. Кейін осы әуенге ақын Асхат Сүйіндіков сөз жазған. Демек, композитор үшін ән ойдан құрастырылатын дүние ғана емес, кейде өмірдің өзінен үзіліп түсетін сезім.

«Шаршадым» әнінің тарихы да соған ұқсас. Бірақ мұндағы шаршау өмірден түңілуден емес, адамның айналасындағы ортадан қажудан туған. Еркін Тоқсейітовтің өз түсінігінде, адам өмірден шаршамауы керек. Өмірдің қызығы көп. Кейде шаршататыны – қасыңдағы орта, адамдардың қарым-қатынасы, көңілге тиетін жағдайлар. Осы ой Саят Әбеновтің сөзіне жазылған ән арқылы көрініс тапты. Ал көңілдегі ауырлықты үмітпен теңестіру үшін қайырмасына Асхат Сүйіндіковтің сөзі қосылған. Еркін ағаның әндерінде осындай өмірлік деталь көп. Бірі – туған жерден, бірі – достықтан, бірі – отбасынан, бірі – махаббаттан бастау алады. Жүзден астам әнінің шамамен елуге жуығы түрлі орындаушылардың репертуарына еніп, жазылып, тыңдарманға жеткен. Қазақстан, Семей, Аягөз, Тарбағатай туралы да бірнеше әні бар. Жарына арнаған төрт-бес әні де шығармашылық қоржынында.

Алайда әні көп болғанымен, Еркін Тоқсейітов ұзақ уақыт бойы өзін композитор ретінде толық мойындай қойған жоқ. Осы сенімсіздігін өзгерткен ерекше бір оқиға болды. Әпкесінің өтінішімен есту қабілеті бұзылған балаларға арналған ән жазуға ниеттенеді. Ақын досы Асхат Сүйіндіков өлеңін жазып береді. Еркін аға сол мәтінге гитарамен әуен шығарады. Бірақ өзіне әлі де толық сенбегендіктен, бұл шығарманы басқа композиторға өңдеуге ұсынуды жөн көреді. Арада уақыт өтіп, Асхат оған әннің дайын нұсқасын жібереді. Әуенді тыңдап отырған Еркін Тоқсейітов бір сәтте өзінің гитарамен бұрын орындап берген әуенін таниды.

– Асхат, бұл менің әнім ғой. Мен саған осы әнді гитарамен айтып берген едім, – дейді ол таңданысын жасырмай.

Осы бір қарапайым ғана сәт Еркін ағаның өз шығармашылығына деген көзқарасын өзгертеді. Өзінің әуенін сырттан естігенде, оның қайдан туғанын бірден таныды. Осыдан кейін ол музыкаға деген қабілетіне бұрынғыдан сенімдірек қарай бастайды.

Осыдан кейін Еркін Тоқсейітов өзінің бойындағы қабілетке басқаша қарай бастайды. Өнерде білімнің орны бөлек болғанымен, кейде адамның табиғи түйсігі де өз сөзін айтады. Оның Лұқпан Жолдасовпен кездесуі де осы ойды бекіте түскендей.

Еркін Тоқсейітовтің шығармашылық жолында оны сырттай бақылап қана қоймай, еңбегіне кәсіби баға берген өнер адамдары да аз емес. Алғашқы кездері бірнеше әнін алып барған ол композитор Лұқпан Жолдасовқа шығармаларын көрсетеді. Әндерді тыңдаған Лұқпан Жолдасов: «Мынаны сен жаздың ба? Шыныңды айт», – деп таңданысын білдіреді. Әсіресе «Дос» әнін ұнатып, оны аранжировка жасап беруге келіседі. Осы кездесуден кейінгі шығармашылық байланыс уақыт өте келе достық қарым-қатынасқа ұласады. Еркін аға бұл кездесуді өзіне деген сенімділігін арттырған сәттердің бірі ретінде бағалайды. Ал өнердегі бала күнгі үлкен қызығушылығының бірі – Алтынбек Қоразбаевтың шығармашылығы. Оның әндерін бала кезінен тыңдап өскен Еркін аға кейін Қоразбаевпен жүздесіп, шығармашылық тұрғыда жақын араласады. Қазір оны «Көке» деп құрметтесе, Алтынбек Қоразбаевтың өзі «Шәкіртім» деп атайды. Еркін Тоқсейітовтің 50 жылдық шығармашылық кешіне арнайы келіп, бірге ән орындауы да осы сыйластықтың бір көрінісі болды. Оның шығармашылығында кәсіби сахна өкілдерінің орны осылай біртіндеп кеңейе түсті. Мақпал Жүнісованың орындауындағы «Қуаныш пен өкініш» пен «Өмір өтер осылай» әндері композитордың есімін кеңірек танытқан шығармалардың қатарында. Еркін Тоқсейітов әншінің орындаушылық табиғатын жоғары бағалайды. Әсіресе әнді жай орындап қана қоймай, оның мәнін түсініп, жүрекпен жеткізуін маңызды санайды.

Оның бұл ұстанымы қазіргі орындаушыларға қатысты пікірінен де байқалады. Еркін аға әр буынның өз әні, өз талғамы бар екенін айтады. Сондықтан бүгінгі эстрадаға сырттай баға беріп, бір ғана өлшеммен қарамайды. Оның ойынша, әнші үшін ең маңыздысы – дайын шығарманы жаттап айту емес, оның мазмұнын түсініп, өз болмысымен жеткізу. «Әнді орындаушы шығарманың не үшін туғанын білуі керек», – деген ұстанымы осыдан туындайды. Ол әншінің шығарманы қағазға қарап айтып тұрғанынан гөрі, оның сөзін жатқа біліп, әр жолының мағынасын сезініп орындағанын қалайды. Өйткені оның түсінігінде ән – белгілі бір көңіл күйдің, адамның немесе оқиғаның көрінісі. Махаббат туралы әнді айтқан адам оның сезімін, ел туралы әнді орындаған адам оның салмағын жүрегімен сезінуі керек. Сонда ғана шығарма тыңдарманға жетеді. Өміршең болады.

Қазір оның әндерін Серікбол Сайлаубек, «Жігіттер» тобы секілді орындаушылардың репертуарынан кездестіруге болады. Ал алдағы уақытта Сәкен Майғазиев, Мейрамбек Беспаев сынды әншілердің орындауында шығармаларын естуді қалайды.

Еркін Тоқсейітовтің шығармашылық серіктестігі тек орындаушылармен шектелмейді. Оның әндерінің дүниеге келуінде ақындардың да орны бөлек. Асхат Сүйіндіковпен бала кезден келе жатқан достық кейін шығармашылық байланысқа айналды. Оның өлеңдеріне оннан астам ән жазған. Серікзат Дүйсенғазиннің де жырларына бірнеше шығарма шығарған. Ал Ержан Жұмабеков, Саят Әбенов сынды ақындармен бірлескен дүниелері де бар. Композитор ақын таңдағанда мәтіннің сыртқы ұйқасынан бұрын, оның ішкі сезіміне мән береді. Өзі айтқандай, кейде бір өлеңді оқып отырып, «осы сөзге ән керек» деген сезім пайда болады.

Оның шығармашылық ортасындағы ерекше байланыстардың бірі – бала күннен бірге өскен төрт достың тағдыры. Асхат Сүйіндіков, Серікзат Дүйсенғазин, Жұмабек Жұмахан және Еркін Тоқсейітов бір сыныпта оқыған. Сөз басында айтып өттік төртеудің екеуі ақын, екеуі композитор болып, кейін әрқайсысы өнердің өз жолына түсті. Бірақ уақыт олардың арасындағы байланысты үзген жоқ. Былтыр, яғни 2025 жылдың 25 қазанында, төртеуі Семейде қайта бас қосып, бірге шығармашылық кеш өткізді. Бір кездері ауылда қатар жүріп, ән айтып, арман қуған достардың жылдар өткен соң бір сахнада қайта тоғысуы – Еркін аға үшін ерекше әсерлі сәттердің бірі. Бұл кездесу оның шығармашылығындағы «Дос» әнінің тарихын да еске түсіреді. Бір кезде Жұмабек Алматыдан Семейге ұшып кеткенде, оны сағынған Еркін аға қолына аспап алып, «Дос, дос...» деген әуенді шығарады. Кейін Асхат Сүйіндіков осы әуенге сөз жазады. Ал әнді Жұмабекпен бірге орындауы олардың достығын шығармашылық дүниеге айналдырды. Демек, Еркін Тоқсейітов үшін достық – өзінің өмірінен бастау алатын алып сезім.

Оның шығармашылық жолындағы еңбегі түрлі марапаттармен де бағаланған. «Жұлдыз» телеарнасы ұйымдастырған «Үздік сазгер» номинациясына ие болса, Аягөз ауданы тарапынан 50 жасына орай «Мақтаныш» медалімен марапатталған. Сонымен қатар Астанадан «Өнер майталманы» медалін алған. Бұл марапаттардың әрқайсысы оның шығармашылық еңбегінің әр кезеңімен байланысты. Дегенмен Еркін Тоқсейітов үшін марапаттан гөрі әннің ел арасында айтылғаны маңыздырақ. Оның алдағы жоспары да осы оймен сабақтас. 55 жасқа келгенде үлкен концерт өткізіп, өз әндерін белгілі әншілерге орындатуды армандайды. Ол мұндай кешті жай ғана есеп беру концерті ретінде елестетпейді. Керісінше, жылдар бойы жазылған әндердің бір сахнада қайта тіріліп, әрқайсысын өзіне лайықты орындаушы жеткізсе дейді. Композитор үшін бұл – шығармаларының қандай жолдан өткенін көру мүмкіндігі. Бала күнінен тыңдаған әншілерінің жанында өз шығармаларының орындалуы оның композитор ретіндегі жолының бір белесі болмақ.

Бәлкім, оның ең үлкен арманы да осында шығар. Жүзден астам ән жазу емес, сол әндердің арасынан уақыт сүзгісінен өтетін, елдің есінде қалатын он-он бес шығарма қалдыру. Бала күнінде Алтынбек Қоразбаевтың әндерін тыңдап, үлкен сахнаға қызыққан Еркін Тоқсейітов енді өз әндерінің де бір күні басқа бір жастың жүрегіне сондай әсер қалдырғанын қалайды. Оның бұл арманы бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, композитор үшін мағынасы терең. Өйткені жүздеген әннің авторы болу мен халық жадында қалатын бірнеше әннің авторы болудың арасы бөлек. Жер мен көктей. Бір әннің жылдар өткен соң да айтылып, кейінгі буынның да көңілінен орын табуы оның еңбегінің жалғасқанын білдіреді.

Музыка – Еркін Тоқсейітов өмірінің маңызды бөлігі болғанымен, оның күнделікті тіршілігі тек әннен тұрмайды. Қазір Алматыда тұрып, алма өсірумен, шаруашылықпен айналысады. Бақ пен музыка бір-бірінен алшақ көрінгенімен, екеуіне де еңбек пен уақыт керек. Бір көшеттің жеміс беруін күткендей, әннің де халық жүрегіне жетуін күтесің. Алма бағы да оның өмірінде жай ғана кәсіп емес. Жылдар бойы осы іспен айналысып, жеміс ағашының күтімін, уақытын, еңбегін жақсы біледі. Бұрын шаруашылық саласында басшылық қызмет атқарып, үлкен бақта ондаған адаммен бірге еңбек еткен кездері де болған. Қазір де бұл істі толық тастап кеткен жоқ. Музыка мен шаруашылықты қатар алып жүруі оның табиғатындағы еңбекқорлықты аңғартады. Бірақ алдағы уақытта шығармашылыққа көбірек уақыт бөлгісі келеді. Шаруашылықтың тізгінін біртіндеп жақындарына тапсырып, жаңа әндер жазуға, бұрынғы шығармаларын қайта қарауға және орындаушыларға ұсынуға ниетті. Өйткені оның айтуынша, бала кезден көңілде жүрген музыкалық арманның енді кейінге шегере беретін уақыты азайып келеді.

Еркін Тоқсейітов үшін өмірдегі ең маңызды ұстаным – адалдық. Біреуді алдамау, біреудің көз жасын ағызбау, адаммен тура қарым-қатынаста болу – оның қарапайым қағидаларының бірі. Өткеніне көз жүгіртіп отырғанда, жастық шағында музыкаға көбірек уақыт бөлмегеніне өкінеді. Жастық шағына қайта оралу мүмкіндігі болса, спортқа көбірек көңіл бөлер едім дейді. Өзі спортқа бейім болғанын, алайда сол қабілетті соңына дейін дамытпағанын еске алады. Музыкаға да ертерек ден қойып, гитараны тереңірек меңгеруге болатын еді деп ойлайды. Оның бұл өкініші бір нәрсені аңғартады: кейде адамның бойындағы қабілеттен бұрын, соған деген өз сенімі қажет.

Оның өміріндегі ең ұзақ күмән да осы өзіне сенуден басталған еді. Нота білмегені үшін өзін композитор санауға именген адам кейін өзінің әуенін басқа орындаудан естіп, оны бірден тани алды. Кәсіби мамандардың бағасын естіді, әндері сахнаға шықты, белгілі орындаушылардың репертуарына енді. Яғни жылдар бойы іште жүрген «менен композитор шыға ма?» деген сұраққа жауапты уақыттың өзі берді. Енді ол жоғалтқан уақытқа емес, алда қалатын шығармаларға көбірек мән береді. Ал негізгі мақсаты – жүздеген әнмен емес, уақыт өтсе де ел жадында қалатын он-он бес шығармамен есте қалу.

Осы орайда Еркін Тоқсейітов қазіргі музыкалық ортадағы өзгерістерге де өзіндік көзқараспен қарайды. Ол әр кезеңнің өз талғамы мен өз үні барын мойындайды. Бір буынның әні екінші буынға дәл сол қалпында жақын болмауы мүмкін. Сондықтан бүгінгі музыканы өткенмен өлшеп, біржақты бағалауға асықпайды. Оның ойынша, әр ән өз уақытының тынысын білдіреді.

Дегенмен ол жасанды интеллект арқылы дайын ән шығаруға қатысты алаңдайтынын да жасырмайды. Өз шығармаларының бірін жасанды интеллектке енгізіп көргенімен, нәтижесін табиғи қабылдай алмаған. Себебі оның түсінігінде әннің ішінде адамның басынан өткен сезім, толғаныс, қуаныш пен өкініш болуы керек. «Адамнан шықпаған нәрсе адамға жетпейді» деген ұстанымы осыдан туындайды. Оның ойынша, технология көмекші құрал болуы мүмкін, бірақ шығармашылықтағы адамның орнын толық алмастырмауы керек. Бұл пікір оның жалпы шығармашылық қағидасымен де үндеседі. Ол дайын дүниені иемденуден гөрі, адамның өз жүрегінен шыққан дүниені бағалайды. Біреудің әнін өзінікі етіп көрсетуге де, дайын дүниеге ғана сүйенуге де ішкі қарсылығы бар. Өйткені өзі үшін ән – ең алдымен автордың жауапкершілігі.

Сондықтан оның «Өлмейтін ән қалдырғым келеді» деген сөзі – жай ғана шығармашылық арман емес. Бұл – өзінен кейін де өмір сүретін әуен қалдыруға деген ниет. Адамның ғұмыры өтеді. Ал жүрекке жеткен әннің ғұмыры жалғаса бермек.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің студенті